И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры
_____Б.Дүйсенбаев

2025-2026 оқу жылындағы педагог-психолог қызметі бойынша жүргізілген жылдық есеп

Педагог-психологтар: А.Топжарғанова
Н.Айтбай

Қызылорда,2025-2026ж

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейіндегі психологиялық қызметте атқарылған жұмыстың жылдық есебі

Психологтың кәсіби бағыттары, диагностика, психологиялық ағарту, алдын-алу, кеңес беру, түзету бойынша жұмыстары жақсы жүргізіліп,оқушылардың психологиялық диагностикасын әдістемелік қамтамасыз ету тестері жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты алынған. Білім беру мекемесіндегі психолог құжаттары, нормативтік құжаттары, арнайы , әдістемелік құжаттары талапқа сай әзірленген. Сонымен қатар, оқушылардың отбасымен жұмысы, отбасы диагностикасы, ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу, кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша кәсіби диагностика әдістері профорентациялық тестер жасалған, оқушылардың бейімділік қабілеттері айқындалып жеке-дара жұмыстары жасалған. Білім алушылардың дарындылығын дамытудағы жұмыстары тұлғалық тестер алынса,қиын «ерекше назардағы» оқушылармен жан-жақты зерттеу жұмыстары, психодиагностика, арттерапиялық, коррекциялық жұмыстары жүргізілген.
2025-2026 оқу жылының психологиялық қызмет орталығының жүргізілетін жұмыстарының іс-шаралар жоспары жасалынып, мектеп-лицей директорына бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша атқарылған жұмыстар

29.08.2025 жылы мектеп-лицей директорының психологиялық қызмет туралы **№199/1** бұйрығы шығарылды. Мектеп психологтарының қызметі Қазақстан Республикасы білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және психологиялық қызметтің қолданыстағы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

02.09.25-14.09.2025 қыркүйек аралығында мектеп оқушыларының мәліметі жинақталды. Оқу жылы басында 1-11 сынып оқушылар саны **1614** оқушыны қамтыды.

Сонымен бірге, психолог тарапынан психологиялық қызмет құжаттарын дайындау, бала дамуының психологиялық картасын жинақтау, психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесін жасау қыркүйек айының алғашқы апталарында орын алды.

Үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс.

Мектепте денсаулығына байланысты қалалық психологиялық- медициналық-педагогикалық кеңес орталығының шешімі бойынша 26 оқушы үйден оқытылуға құжаттар бойынша қабылданды. Олар:

Р/с	**Оқушының толық аты-жөні**	**Пмпк, ВКК қорытынды**	**Диагнозы**	**Қай оқу бағдарламасымен жүреді/көрсету қажет/**
1	Акмурзаев Арслан Ерболович	15.07.2025ж №489 14.07.2025 №1287	Ганглиозидоз с грубой мозжечковой атаксией и сено-невральной полинейропатией. Мозжечковая атаксия с	Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасының бейімдеп оқыту

			нервопатией и двусторонней вестибулярной а рефлексией. 7А таксия дифицитом витамина Е аутоимуно-рецессивная мозжечковая атаксия.	
2	Абзалбек Айтуар	03.09.2025 №737 22.08.2025 №648	Врожденная аномалия грудины, Анамалия развития грудной клеткиү Килевидная деформация клетки. Манубриокостальный тип. Симметричная форма. Гипоплазии грудины, аплазии моевидного отроска. Аплазия обеих сторон. Сопуствующий диагноз. Костный дефект правой половины черепа.	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
3	Ниязбаева Диляра Тимуровна	29.08.2025 №710 28.08.2025 №221	Нефротический синдром, стереочувствительный вариант,часто рецидивирующее течение	Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту
4	Чикин Артем Егорович	28.08.2025 №698 26.08.2025 №0089	Q24.9 врожденный порок сердца неуточненный	Жалпы білім бағдарламасының жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту
5	Амирова Диана Талгатовна	25.08.2025 №191 26.08.2025 №657	М41.1 Юношеский идиопатический сколиоз. Идиопатический сколиоз поясничного отдела позвоночника 3 степени. Состояние после коррекции сколиоза эндокорректором. Люмбалгия.	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
6	Матжанов Нұрәлі Әмірбекұлы	05.09.2025 №759 05.09.2025 №752-1	Q22.8 Другие врожденные аномалии трехстворчатого клапана. Врожденный порок сердца	Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеп оқыту
7	Кенжебай Ерасыл Рүстемұлы	29.07.2025 №540 29.07.2025 №553	Аноксическое поражение головного мозга,не классифицированное в других рубриках. Симптоматикалық эпилепсия. Психо сөйлеу дамуының қалыс қалуы	Жеңіл түрдегі зерде бұзылысы бар балаларға арналған білім беру
8	Серікбай	03.09.2025 №738	Q 53.0 Эктопическое яичко,	жеңіл түрдегі

	Данышпан	19.08.2025 №622	Двухсторонный крипторхизм.СПО 05.08.2025г Орхидопексия слева,по Китли-Торека-Герцена 1 этап	зерде бұзылысы бар балаларға арналған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту.
9	Науша Бағжан	28.08.2025 №222	S82.7 Множественные переломы голени.Консилидированный перелом нижней трети левой малоберцовый кости	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
10	Носов Ролан	04.09.2025 №00118	S82.6 Перелом наружной лодыжки	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
11	Кемал Камила	09.09.2025 №735 09.09.2025 №00105	E10.6 Инсулинзависимый сахарный диабет с другими уточненными осложнениями	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
12	Байбатыров Аднан	10.09.2025 №00131	S 92.5 Перелом другого пальца стопы	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
13	Арыстанбек Аянат	07.10.2025 №880	T92.2 Последствия перелома на уровне запястья и кисти.	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
14	Дүйсенбай Ранай	15.10.2025 №914	S 82.5 Перелом внутренней лодыжки	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
15	Данияруұлы Омар	11.11.2025 №1003 06.11.2025 №2111	Q 26.6 Портальная венозно-печеночно-артериальная фистуда,Стеноз легочной артерии	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
16	Құдайберген Асылым	24.11.2025 №746	T92.8 Последствия других уточненных травм верхней конечности	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
17	Серік Рауан	06.11.2025 №992 31.10.2025 №000219	K 90.8 Другие нарушения всасывания в кишечника,Кишечная лимфангиэктазия	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
18	Сантаев	05.12.2025ж	S90.7 Множественные	Жалпы білім

	Санжар	№775	поверхностные травмы голеностопного сустава и стопы.05.12.2025 ж үйде құлап оң аяқ басы саусағын сындырып алған,КБОБА қаралып,гипс таңғышы салынған.	бағдарламасы бойынша оқыту
19	Бейбіт Ислам	31.03.2026ж №06-03-26	Z02.7 Обращение в связи с получением медицинского документов, S52.5 Закрытый перелом диафиза нижней трети лучевой кости левого предплечья без смещения. Т-36,6 С	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
20	Аитбайқызы Інжу	06.04.2026ж №256	Т93.2 Последствия других переломов нижней конечности,Закрытый перелом наружной лодыжки и ушиб правой стопы.	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
21	Мирамбеков Бахтияр	20.04.2026ж №165	Т93.9 Последствия неуточнегной травмы нижней конечности,Закрытый перелом основной фланги 4 ральца левой сиопы б/с	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
22	Мейер Давид	29.04.2026 ж №697	S72.4 Перелом нижнего конца бедренной кости.Оң латералд тобық сүйегінің жабық сынығы	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту

Осы балаларды психологиялық көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтау, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге мектеп психологтары аз да болса өз үлесімізді қосып келеміз. Үйден оқитын, ерекше назарды қажет ететін оқушылармен жүргізілетін 2025-2026 оқу жылына арналған психологиялық жұмыс жоспары 2025 жылдың 29 тамызында жасалып бекітілді.

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде ерекше назарды қажет ететін оқушылар тізімі

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы,айы,күні	Шешімі, күні	Сынып ы	Сырқаты	Бағдарламасы	Қай сырқатқа жататыны
1	Сейілбек Нұрай	25.07.2010	№1001, 19.11.24	9А	Жеңіл зерде бұзылысы, ОНР И ур.	Жеке бағдарлама	Луо 40%
2	Бек Іңкәр	24.12.2010	№557, 01.08.25	7Д	Дауна	Жеке бағдарлама	Дауна 40%

3	Арыстанбек Төрежан	13.12.2013	№746, 19.11.21	6 А	ЗПР	Бейімделген	Зпр 40%
4	Арыстанбек Нұрислам	24.07.2016	№680,04.11.22	4В	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%
5	Дайдан Жансая	27.09.2013	№235, 27.03.2025	6 А	Луо,ОНР III	Жеке бағдарлама	Луо 40%
6	Дайдан Жансерік	27.09.2015	№236, 27.03.2025	4Б	Луо,ОНР III	Жеке бағдарлама	Луо 40%
7	Сәрсенбек Баққайсар	24.04.2015	№494, 16.07.2025	5 Б	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%
8	Башкирцев Руслан	10.02.2016	№507, 21.07.2025	5 Е	ЗПР	Бейімделген	Зпр 40%
9	Кичева Валерия	28.08.2014	№474, 13.08.2025	5 Г	ЗПР	Бейімделген	Зпр 40%
10	Цой Дарина	23.05.2016	№503, 18.07.2025	3 В	ЗПР,ДЦП	Бейімделген	Зпр 40%
11	Алдаберген Санжар	26.01.2018	№513, 22.07.2025	2 Е	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%
12	Черепанов Егор	18.12.2018	№412, 19.05.2025	2 Е	Луо,ОНР II	Жеке бағдарлама	Луо 40%
13	Ақылжан Мейіржан	12.09.2018	№946, 19.09.2025	2 В	ЗПР,ОНР I	Бейімделген	Зпр 40%
14	Аббаз Сұлтанәли	14.09.2016	№575, 06.08.2025	7 В	ЗПР	Бейімделген	Зпр 40%
15	Самбет Нұрислам	03.04.2015	№573, 06.08.2025	5 Д	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%
16	Жиенбай Жәңгір	05.05.2017	№859, 23.09.2025	3 Б	ЗПР,ОНР II, III	Бейімделген	Зпр 40%
17	Хайрулла Бекасыл	29.09.2018	№824, 17.09.2025	1 А	ЗПР,ОНР I, II	Бейімделген	Зпр 40%
18	Сәулембек Диас	28.03.2019	№1009	1 Ә	ЗПР,ОНР I	Бейімделген	Зпр 40%
19	Қомбай Жанеля	05.05.2017	№859, 23.09.2025	2 А	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%

20	Фарухұлы Тамерлан	21.06.2018	№64, 03.02.2026	2 Д	ЗПР	Бейімделген	Зпр 40%
21	Жансейтова Мия	02.10.2017	№90, 16.02.2026	2 Г	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%
22	Әлімбет Ибраһим	30.07.2018	№61, 03.02.2026	2 Ә	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%
23	Орманбек Ерсали	12.03.2026	№139, 12.03.2026	1 Ә	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%

ЕББҚ (ерекше білім беру қажеттілігі бар) білім алушылармен жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды есеп

2025–2026 оқу жылында білім беру ұйымында ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) білім алушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жылдық жоспар құрылып, жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыстар жүргізілді.
Жылдық жоспар негізінде ЕББҚ білім алушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері зерделеніп, олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып қолдау жұмыстары ұйымдастырылды. Жоспарланған іс-шаралар уақытылы орындалып, білім алушылардың танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Жыл көлемінде келесі бағыттар бойынша жұмыстар атқарылды:
– ЕББҚ білім алушыларды анықтау және бақылау жұмыстары;
– білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін диагностикалау;
– түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыру;
– жеке және топтық жұмыстар жүргізу;
– оқушылардың мектепке бейімделу деңгейін бақылау;
– эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер өткізу;
– ата-аналарға психологиялық кеңес беру жұмыстары;
– сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне әдістемелік ұсыныстар беру;
– ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру жұмыстары.
Жоспарға сәйкес түзету-дамыту сабақтары, психологиялық жаттығулар, тренингтер, әңгімелесу, бақылау, сауалнама, жеке кеңес беру жұмыстары тұрақты жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар барысында білім алушылардың психологиялық ахуалы, мінез-құлық ерекшеліктері, қарым-қатынас деңгейі және танымдық процестері назарға алынды.
Сонымен қатар білім алушылардың ата-аналарымен және педагогтармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылып, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қолдау көрсету бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға балалардың ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу бойынша ұсыныстар берілді.
Жыл бойы өткізілген іс-шаралар мен түзету-дамыту сабақтарының фотоесептері жинақталып, тиісті құжаттарға енгізілді. Өткізілген жұмыстардың фотоматериалдары


білім алушылардың сабақтарға белсенді қатысқанын және жүргізілген жұмыстардың жүйелі жүзеге асырылғанын көрсетеді.
Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ЕББҚ білім алушылардың мектеп ортасына бейімделу деңгейінде оң өзгерістер байқалды. Кейбір білім алушылардың қарым-қатынас жасау қабілеті, сабаққа қызығушылығы, эмоционалдық тұрақтылығы және өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасуында оң динамика анықталды.
Қорытындылай келе, жоспарға сәйкес барлық жұмыстар толық көлемде орындалды. Алдағы уақытта ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен түзету-дамыту және психологиялық қолдау жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.



Жоспарға сәйкес, қыркүйек айында 1 сынып жетекшілері мен ата-аналарынан **«Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сараптамалық бағалау» (В.И.Чиркова,О.Л.Соколова,О.В.Сорокина)** сауалнамасы алынды.


Ата-аналарға оқушылардың мектепке бейімделу кезінде болатын өзгерістерді, адаптация кезінде қандай көмек беру керектігі туралы жалпы мағлұматтар беріліп кетті.

Сонымен қатар, жыл бойы жүргізілетін психологиялық жұмыстарға ата-ана тарапынан, сынып жетекшілері арқылы рұқсатнама алынды. Барлығы **1-11** сынып оқушылардың ата-аналары **1614**. Ата-ана тарапынан қарсы-70, келіскендері **1544** ата-ана. Қарсы болған ата-аналардан қарсылық парағы толығымен алынды.



Жоспарға сәйкес 14-15 қыркүйек күні 2-4 сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында **«Адамдар бейнеленген ағаш»** әдістемесі алынды. Жалпы бала саны 446, ата-тарапынан қарсы-13, қатысқан бала саны -433, жалғыздық 2 оқушы, көпшіл 400 оқушы, мұғалімге жақын 398 оқушы шықты.





Жоспарға сәйкес 11 сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында *«Психологический настрой учащихся во время сдачи ЕГЭ. Снятие эмоционального напряжения»* тақырыбында баяндама жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: 11 сынып оқушыларын емтихан тапсыруға психологиялық дайындау; эмоционалды жағдайларды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту, табысқа деген ынтаны қалыптастыру, өзіне деген сенімділікті арттыру,стресті жеңілдету жолдарын табу, яғни оқушының жеке басының стресске төзімділігін арттыру.

Тренинг барысы:

1.Приветствие

2.Разминка

3. Игра на воображения

4.Дискуссия в малых группах

5. «Пожелание на будущее своему соседу»

6.Подведения итогов.

Тренинг барысында 11 сынып оқушыларын емтихан тапсыруға психологиялық дайындау мақсатында, эмоционалды жағдайларды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту туралы, табысқа деген ынтаны қалыптастыру, өзіне деген сенімділікті арттыру, стресті жеңілдету жолдарын табу, яғни оқушының жеке басының стресске төзімділігін арттыру туралы жалпы түсінік берілді.

Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар да болды, психолог тарапынан да қойылған сұрақтарға оқушылар толығымен жауап ала отырды. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.



Жоспарға сәйкес, қыркүйек айының 15-30 аралығында 5-11 сынып оқушыларынан Білім беру ортасында қорлаудың таралуы мен ерекшелігін анықтау мақсатында **«Дэн Олвейстің буллинг сауалнамасы»** жүргізілді. Дан Олвеус - швед-норвег психологы және Берген университетінің психология профессоры, Норвегия. Д.Олвеус қорқытуды зерттеудің ең бірінші бастамашы ретінде кеңінен танылды.

Сауалнамаға барлығы: 950 оқушы қатысты.Нәтижесінде,940қушы – «ешқашан болған емес» деген жауапты таңдаса, қалған 10 оқушыда , «бір немесе екі рет болған» деген нәтиже шықты.Аталған оқушыларға психолог тарапынан жеке кеңес беріліп,коррекциялық жұмыстар жүргізілді.

Сұрақ/жауап нұсқалары	Ешқашан болмаған	Бір екі рет болған	Кейде болады	Аптасына бір рет болады	Аптасына бірнеше рет болады
1. Мен біреуді мазақ қылдым					
2. Мен біреумен әдейі сөйлеспедім					
3. Мен біреуді итеру немесе ұру сияқты физикалық зиян келтірдім.					
4. Мен біреу туралы өсек айттым.					
5. Мен қорқыттым					
6. Мен біреудің заттарын ұрладым немесе бүлдірдім.					
7. Олар мені келекетті					
8. Мен туралы өсек таратты					
9. Ешкім менімен бірге отырғысы келмейді немесе бос уақыт өткізгісі келмейді					
10. Менің заттарым ұрланды					

11. Маған физикалық зақым келді (соққы, итеру)					
12. Менімен ешкім сөйлеспейді					
13. Мені қорқытты					

Қазан айында атқарылған жұмыстар

Жоспарға сәйкес, қазан айында 1-11 сынып оқушыларына **«ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ әзірлеген «СІЗГЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ» ЭКСПРЕСС САУАЛНАМАСЫ** жүргізілді. **Сауалнаманың мақсаты** – баланың өміріндегі зорлық-зомбылықтың қай салаларында бар екенін анықтау.Сауалнамаға барлығы: **1544** оқушы қатысты. Нәтижесінде,сауалнама жасырын (анонимді) деп жарияланғанын ескере отырып, оқушылардың көптеген жауаптар ала отырып, ең жалпы қорытындылар жасалынып, балалардың әл-ауқатын нығайту бойынша сыныптардағы, мектептердегі және отбасылардағы жұмыстың жалпы бағыттары анықталды.

Нұсқау. Құрметті дос! Бұл сауалнама жасырын түрде жүргізіледі, сұрақтарға адал жауап беруіңді сұраймыз.

(Жауапты таңдағанда бірнеше нұсқаны атап өтуге болады)

1. Сенің ойыңша, бала қай жерде зорлық-зомбылыққа жиі ұшырайды?

(Бірнеше нұсқаны таңдауға болады):

* Отбасында

*Көшеде

* Мектепте

* Әлеуметтік желілерде

* Өз нұсқаң: .....

2. Ата-анаңмен қарым-қатынасың қандай?

(Олармен қарым-қатынасыңды жақсырақ сипаттайтын нұсқаны таңда):

* Жақсы, олар мені түсінеді және әрқашан қолдайды.

* Өте жақсы емес, кейде біз бір-бірімізбен ұрысамыз немесе келіспейміз.

* Жаман, мені жиі ұрысады.

* Өте жаман, мені жиі ұрысады, ұрады.

* Өз нұсқаң: .....

3. Жаза кезінде қандай шаралар жиі қолданылады?

(Бірнеше нұсқаны таңдауға болады):

* Олар менімен қатты сөйлеседі немесе сынға алады.

* Телефонды, компьютерді немесе теледидарды пайдалануға тыйым салады.

* Ақша бермейді.

* Достармен кездесуге тыйым салады.

* Менікі неге дұрыс болмағанын түсіндіреді.

* Менің сезімдерімді немесе көңіл-күйімді түсінуге тырысады.

* Физикалық жаза қолданады.

* Ешқашан жазаламайды.

* Өз нұсқаң: .....

4. Ата-анаңның саған қатысты сөздері мен әрекеттерін дұрыс деп санайсың ба?

(Өзіңе ең қолайлы жауапты таңда):

* Иә, мен олардың әрекеттерімен келісемін.

* Иә деп айтуға болады, бірақ мен келіспейтін кездер болады.
* Жоқ, мен келіспеймін.
* Жоқ деп айтуға болады, бірақ мен олардың ниеттерін түсінемін.
* Өз нұсқаң: (неге бұлай ойлайтыныңды жаз)

5. Ата-анаң сені ренжітетіндей әрекет етті ме?

(Өзіңе ең қолайлы жауапты таңда):
* Иә, бұл жиі болады.
* Кейде.
* Бұл сирек кездеседі.
* Ешқашан.
* Айта алмаймын.

Өз нұсқаң: (қаласаң өз пікіріңізді жаз)

6. Сен өзіңді отбасыңда қаншалықты қорғалғандай сезінесің?

(Өзіңе ең қолайлы жауапты таңда):
* Иә, әрқашан сезінемін.
* Кейде сезінемін.
* Толық сезінбеймін, бірақ қолдау болады.
* Жоқ, мен өзімді қорғалғандай немесе сүйікті сезінбеймін.
* Өз нұсқаң (неге бұлай ойлайтыныңды жаз):

7. Сен әлеуметтік желілерде зорлық-зомбылыққа немесе қорлауға тап болдың ба?

(Бірнеше жауапты таңдай аласың)
* Иә
* Жоқ
* Кейде
* Өз жауабың.

8. Мектепте қандай зорлық - зомбылыққа тап болдың?

(Бірнеше нұсқаны таңдай аласың):
* Физикалық зорлық-зомбылық (мысалы, соққы, итеру, жұлқу).
* Эмоционалды зорлық-зомбылық (мысалы, қорлау, жәбірлеу, айқайлау).
* Жеке шекараларды бұзу (мысалы, жағымсыз жанасу).
* Елемеу (мысалы, мұғалім сенің сұрақтарыңа немесе мәселелеріңе мән бермейді).
* Манипуляциялар(мысалы, нашар бағалармен қорқыту).
* Тап болған жоқпын.
* Өз нұсқаң (жаз)

9. Егер сен мектепте зорлық-зомбылыққа тап болсаң, оны саған кім көрсетті?

* Мұғалімдер
* Сыныптастар
* Достар
* Басқа сынып оқушылары
* Мектеп қызметкерлері
* Өзнұсқаң

Егер сен қиын жағдайға тап болсаң (мысалы, сені қорқытса, немесе ренжітсе), не істейсің?

(Бірнеше нұсқаны таңдауға болады):

* Ата-анамнан көмек сұраймын.
* Мәселені достарыммен шешуге тырысамын.
* Туыстарымнан көмек сұраймын.
* Сынып жетекшісімен сөйлесемін.
* Психологке жүгінемін.
* Әлеуметтік педагогке жүгінемін.
* Директорға барамын.
* Полицияға хабарласамын.
* Интернеттен кеңес іздеймін.
* Сенім телефонына қоңырау шаламын.
* Жағдайды өзім шешуге тырысамын.
* Өз нұсқаң:

Жоспарға сәйкес,1-4 сынып жетекшілерінен, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид қаупін анықтау мақсатында **«БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ СУИЦИД ҚАУПІНІҢ БОЛЖАМДЫҚ КЕСТЕСІ» АВТОРЫ – А.Н. ВОЛКОВА** жүргізілді.Сауалнама **415** оқушыға жүргізілді. Нәтижесінде, суицид тәуекелі тобына есепке алынуы мүмкін оқушы анықталған жоқ.

№	**Мәселе**	**Ұпай**
1	Ата-анасының екеуінен де айырылу	5
2	Ата-анасының біреуінен айырылу немесе отбасындағы ажырасу	4
3	Отбасындағы ауыр психологиялық атмосфера	4
4	Балалар ұжымындағы оқшаулау	4
5	Тәрбиенің әділетсіз әдістері, басу	4
6	Ауыр соматикалық аурулар, мүгедектік	3
7	Сүйіспеншілікке толы ересек адамның қолдауының болмауы	3
8	Оқудағы сәтсіздіктер, мектептегі төмен жетістіктер	3
9	Жеке тұлғаның акцентуациясы	3
10	Алкоголь мен есірткіні қолдану	2
11	Бақылаудың бұзылуы, импульсивтілік	2
12	Өзін-өзі бағалаудың төмендігі	1
13	Қатты жыныстық жетілу	1
14	Пассивтілік, жасқаншақтық, дербессіздік	1

Және де,жоспарға сәйкес,5-11 сынып жетекшілерінен, жасөспірімдердегі суицидтің қауіп факторларының айқындылық дәрежесін анықтау мақсатында, **«СУИЦИД ҚАУПІ КАРТАСЫ» САУАЛНАМАСЫ, АВТОРЫ Л.Б. ШНЕЙДЕР** жүргізілді.Сауалнама **799** оқушыға жүргізілді. Нәтижесінде, 9 баллдан төмен – «өз-өзіне қол жұмсау қаупі төмен» оқушылар саны-799 оқушыны құрады.

Жоспарға сәйкес, **10-11** сынып оқушылары аралығында **Жалғыздық деңгейін, адамның өзін қаншалықты жалғыз сезінетінін анықтау мақсатында Субъективті күй деңгейін диагностикалау әдісін 1978 жылы Д.Рассел, л.**

Пепло, М. Фергюсон әдістемесі жүргізілді. Сауалнамаға барлығы:185 оқушы қатысты.Нәтижесінде, «Ешқашан» жауабын -170 оқушы таңдаса, «Сирек» жауабын -15 оқушы таңдағаны анықталды. Аталған оқушыларға жеке кеңес беріліп,коррекциялық жұмыстар жүргізілді.

Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, 1 тоқсанда 1–11-сынып оқушыларына психологиялық сағаттар мен тренингтер өткізілді. Жұмыстар оқушылардың бейімделуі, психоэмоционалдық жағдайын анықтау және ұжымдық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды. Нәтижесінде оқушылардың мектеп ортасына бейімделуі қалыпты деңгейде өтті.


Қатысушылар: 1 сынып оқушылары
Тақырыбы: «Біз біргеміз!» тренинг
Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларының ұжымды қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту,бір-біріне деген сыйластық пен достық сезімдерін қалыптастыру,өзара көмек көрсетуге,бірлесе әрекет етуге үйрету.Оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін жақсартып,мектепке бейімделуін жеңілдету.
Жұмыс барысы:Тренинг
Қыркүйек айының күндері бастауыш 1 сынып оқушыларыларымен мектеп педагог-психологтары **«Біз біргеміз»**тақырыбында тренинг өткізді.Тренинг барысында оқушыларды бір-бірімен жақынырақ таныстыру,ұжымда өздерін еркін сезіну мақсатында «Сәлемдесу шеңбері,Күн шуағы жаттығуы,Достық көпірі ойыны,Жақсы сөз-жан азығы »сияқты ойын-жаттығулар жүргізілді.Сонымен қатар,балалардың бір-біріне көмектесу,тыңдай білу,өз ойын ашық айту дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар орындалды.Оқушылар белсене қатысып,ойындар арқылы өзара ынтымақтастықтың маңызын түсінді.Тренинг соңында балалар жақсы көңіл-күймен,достық қарым қатынасты нығайта отырып тарасты.
Қорытынды:Тренинг өз мақсатына жетті.Оқушылар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.




Тақырыбы: «Жақсы көңіл-жарқын өмір» тренинг
Қатысушылар: 2 сынып оқушылары
Мақсаты: Оқушыларға жақсы көңіл-күйдің адам өміріндегі маңызын түсіндіру, жағымды эмоцияларды сезіне білуге үйрету және бір-біріне мейірімді, сыйластықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.
Міндеттері:

- Жақсы және жаман көңіл-күйді ажырата білуге үйрету;
- Өз сезімдерін еркін және дұрыс жеткізуге дағдыландыру;
- Достыққа, мейірімділікке, өзара көмекке баулу;
- Жағымды ойлау арқылы өмірге оң көзқарас қалыптастыру.

Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың жақсы көңіл-күйді сақтауы, бір-біріне мейірімді болуы және жағымды ойлауды үйренуі үшін ұйымдастырылады. Сабақ барысында балалар қуаныш, достық, сыйластық туралы түсінік алып, жақсы көңіл адамның денсаулығына, оқуына және қарым-қатынасына пайдалы екенін ұғынады. Жаттығулар мен ойындар арқылы оқушылар өз сезімдерін дұрыс білдіруге және айналасына жақсы көңіл сыйлауға дағдыланады.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар жақсы көңіл-күйдің өмірді жарқын ететінін түсініп, бір-біріне жылы сөз айту мен мейірімді болудың маңызын білді. Балалар жағымды көңіл-күйді сақтауға, достарымен татулықта болуға және күнделікті өмірде жақсы іс жасауға талпынды.



Сыныбы: 3-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Мен және менің достарым»
Мақсаты:Оқушыларға достық ұғымының мәнін түсіндіру, өзара сыйластық пен сенімді қарым-қатынас орнатуға үйрету және ұжымда бір-бірін қолдай білу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:•«Дос» ұғымы туралы түсінігін кеңейту;
•Достарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету;
•Бір-бірін тыңдай білуге және құрмет көрсетуге дағдыландыру;
•Ұжымда татулық пен жауапкершілік сезімін дамыту.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың өзара достық қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған. Сабақ барысында балалар достықтың маңызы, шынайы дос қандай болатыны туралы ой бөліседі. Түрлі ойындар мен тапсырмалар арқылы оқушылар бір-бірін түсінуге, көмектесуге және бірге әрекет етуге үйренеді.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар достықтың адам өміріндегі маңызын түсініп, бір-біріне сыйластықпен қараудың, көмектесудің және адал дос болудың

қажеттігін ұғынды. Балалар достарымен тату болып, ұжымда жағымды қарым-қатынас сақтауға талпынды.



Сыныбы: 4-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Бірлік бар жерде – тірлік бар»
Мақсаты:Оқушыларға бірлік пен ынтымақтың маңызын түсіндіру, ұжымда өзара сыйластық пен жауапкершілікті қалыптастыру және ортақ мақсатқа бірге жету дағдыларын дамыту.
Міндеттері:•Бірлік, ынтымақ ұғымдары туралы түсінік беру;
•Ұжымда бірлесе әрекет етуге үйрету;
•Бір-бірінің пікірін тыңдауға және құрметтеуге дағдыландыру;
•Өзара көмек пен жауапкершілік сезімін дамыту.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың ұжымдық қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған. Сабақ барысында балалар бірліктің, татулықтың қоғамдағы және сыныптағы рөлі туралы ой бөліседі. Түрлі тапсырмалар мен ойындар арқылы оқушылар бірлесе әрекет етудің маңызын түсініп, достық пен ынтымақты бағалауға үйренеді.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар бірліктің табысқа жетудің басты кепілі екенін түсініп, ұжымда татулық сақтаудың, бір-біріне қолдау көрсетудің маңызын ұғынды. Балалар «бірлік бар жерде – тірлік бар» деген ұғымды өмірмен байланыстыра отырып, сыныпта ынтымақты қарым-қатынас орнатуға талпынды.



Сыныбы: 5-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Менің сыныбым»
Мақсаты:Оқушылардың сынып ұжымына деген жауапкершілігін арттыру, өзара сыйластық пен ынтымақты қарым-қатынас қалыптастыру және әр оқушының сыныптағы орнын сезінуіне жағдай жасау.
Міндеттері:
•Сынып ұжымы туралы түсінігін кеңейту;
•Бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету;
•Өз ойын ашық жеткізе білуге және өзгелердің пікірін құрметтеуге дағдыландыру;
•Ұжымда бірлік пен жауапкершілік сезімін дамыту.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың сынып ішіндегі қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған. Сабақ барысында балалар сыныптың ортақ ережелері, әр оқушының жауапкершілігі және бір-біріне қолдау көрсету туралы ой бөліседі. Жаттығулар мен талқылаулар арқылы оқушылар сыныпты біртұтас ұжым ретінде қабылдауға үйренеді.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар сыныптың табысты болуы әрқайсысының үлесіне байланысты екенін түсініп, бір-біріне сыйластықпен қараудың, көмектесудің және ортақ ережелерді сақтаудың маңызын ұғынды. Балалар өз сыныбын құрметтеп, ұжымда жағымды атмосфера қалыптастыруға талпынды.



Сыныбы: 6-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Менің көңіл күйім – менің қолымда»
Мақсаты:Оқушыларға өз көңіл-күйін тану және басқару дағдыларын қалыптастыру, эмоцияларын дұрыс білдіруге үйрету және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.
Міндеттері:
•Көңіл-күй мен эмоция түрлері туралы түсінік беру;
•Өз сезімдерін бақылауға және реттеуге үйрету;
•Қиын жағдайларда сабыр сақтай білуге дағдыландыру;
•Өзіне және өзгелерге құрметпен қарау мәдениетін дамыту.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың эмоциялық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Сабақ барысында балалар өз көңіл-күйінің себептерін анықтауды, оны басқару жолдарын үйренеді. Жаттығулар мен талқылаулар арқылы оқушылар жағымсыз эмоцияларды жеңу және позитивті ойлауды қалыптастыру дағдыларын меңгереді.

Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар көңіл-күйді басқару адамның өз қолында екенін түсініп, өз эмоцияларын бақылау арқылы дұрыс шешім қабылдаудың маңызын ұғынды. Балалар күнделікті өмірде сабырлы болып, жағымды көңіл-күйді сақтауға талпынды.



Сын ыбы: 7-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Өзіңді таны – өміріңді жеңілдет»

Мақсаты:Оқушылардың өзін-өзі тану дағдыларын дамыту, жеке қасиеттерін түсінуге көмектесу және өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білуге үйрету.

Міндеттері:

•Өзін-өзі тану ұғымы туралы түсінік беру;


•Өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға үйрету;

•Эмоцияларын, мінез-құлқын бақылауға дағдыландыру;

•Өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.

Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың ішкі жан дүниесін тануға бағытталған. Сабақ барысында балалар өз ойы, сезімі, мінез ерекшеліктері туралы ойланып, өзін жақсырақ түсінудің өмірдегі қиындықтарды жеңілдететінін ұғынады. Талдау, жаттығу және пікір алмасу арқылы оқушылар өзін қабылдау мен дамыту жолдарын үйренеді.

Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар өзін танып-білудің маңызды екенін түсініп, өз ерекшеліктерін қабылдаудың өмірді жеңілдететінін ұғынды. Балалар өзіне сенімді болуға, дұрыс шешім қабылдауға және жеке дамуға талпынды.



Сыныбы: 8-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Біз бір сыныппыз – буллингке жол жоқ»

Мақсаты:Оқушыларға буллингтің алдын алу туралы түсінік беру, сыныпта қауіпсіз әрі қолдаушы орта қалыптастыру және бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:
•Буллинг ұғымы және оның түрлері туралы түсінік беру;
•Буллингтің салдарын түсіндіру;
•Қиын жағдайларда өзіңді және өзгелерді қорғау жолдарын үйрету;
•Ұжымда сыйластық, бірлік және жауапкершілік сезімін дамыту.
Бұл психологиялық ағарту сабағы сыныптағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған. Сабақ барысында оқушылар буллингтің белгілері, себептері және оның алдын алу жолдары туралы талқылайды. Жаттығулар мен пікір алмасу арқылы балалар бір-бірін қолдаудың, түсінудің және құрметтеудің маңызын ұғынады.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар әр адамның қауіпсіз әрі құрметке лайық екенін түсініп, буллингке жол бермеу әрқайсысының жауапкершілігі екенін ұғынды. Балалар сыныпта бірлік сақтап, бір-біріне қолдау көрсетуге және зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас орнатуға талпынды.




Сыныбы: 9-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Өмірің – өз қолыңда»
Мақсаты:Оқушыларға өз өміріне жауапкершілікпен қарауды үйрету, дұрыс таңдау жасай білу дағдыларын қалыптастыру және болашаққа саналы көзқарас қалыптастыру.
Міндеттері:
•Өмірлік мақсат пен құндылықтар туралы түсінік беру;
•Өз әрекетінің салдарын түсінуге үйрету;
•Қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамыту;
•Өзіне сенімділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың өмірге деген саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Сабақ барысында балалар өз таңдауы, әрекеті және жауапкершілігі өмір жолына әсер ететінін түсінеді. Талдау, пікір алмасу және өмірлік мысалдар арқылы оқушылар болашаққа жоспар құрудың маңызын ұғынады.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар өмір бағытын таңдауда әр адамның өз қолында екенін түсініп, жауапкершілікпен шешім қабылдаудың маңызын ұғынды. Балалар өз мақсаттарына жету үшін дұрыс қадам жасауға және болашағына саналы қарауға талпынды.




Сыныбы: 10-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Өмірлік таңдауың – өз қолыңда»
Мақсаты:Оқушыларға өмірлік шешім қабылдауда жауапкершілікті сезіндіру, таңдау жасау дағдыларын дамыту және жеке мақсаттарына жетуге саналы түрде бағыттау.
Міндеттері:
•Өмірлік таңдау және оның салдары туралы түсінік беру;
•Өз әрекеттерінің нәтижесін болжауды үйрету;
•Қиын шешімдер қабылдауда саналы әрекет жасауға дағдыландыру;
•Жеке жауапкершілік пен сенімділік сезімін қалыптастыру.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың өз өмірін басқару дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақ барысында балалар өмірлік таңдаудың әр адамның қолында екенін түсінеді, өз мүмкіндіктерін бағалайды және дұрыс шешім қабылдауды үйренеді. Талдау, пікір алмасу және практикалық жаттығулар арқылы оқушылар өз мақсаттарына жетудің жолдарын қарастырады.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар өмірлік таңдаудың өз қолдарында екенін түсініп, әр шешімнің салдарын ескере білудің маңызын ұғынды. Балалар өз болашағын жоспарлап, жауапкершілікпен әрекет етуге талпынды.




Сыныбы: 11-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Болашаққа бағыт: Өмірлік мақсат пен өзін-өзі тану»
Мақсаты:Оқушыларға өз өмірлік мақсатын айқындауға көмектесу, өзін-өзі тану арқылы жеке дамуын жетілдіру және болашаққа саналы түрде жоспар құру дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:
•Өмірлік мақсат пен құндылықтар туралы түсінік беру;
•Өзін-өзі тану арқылы жеке қасиеттерін анықтауға үйрету;
•Өзін-өзі дамыту және өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалану дағдыларын дамыту;
•Болашаққа бағытталған жоспарлау мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың болашаққа саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Сабақ барысында балалар өз мақсаттарын анықтап, жеке қасиеттерін, күшті және әлсіз жақтарын талдайды. Талдау, пікір алмасу және практикалық жаттығулар арқылы оқушылар өмірлік мақсатқа жетудің жолдарын қарастырады.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар өмірлік мақсатты айқындаудың және өзін-өзі танудың маңызды екенін түсініп, болашаққа саналы жоспар құру арқылы жеке дамуға талпынды. Балалар өз өміріне жауапкершілікпен қарап, мақсаттарына жетуге дайын болуды ұғынды.




Қараша айында атқарылған жұмыстар

Жоспарға сәйкес,қараша айында **5-11** сыныптар арасында **К. ЯНГТЫҢ ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК ШКАЛАСЫ** әдістемесі алынды.
Кимберли Сью Янг О'Мара психолог және Интернетке тәуелділік пен желідегі мінез-құлық бойынша сарапшы болды. Ол 1995 жылы Брэдфордтағы Питтсбург университетінде психология профессоры болған кезде Интернетке тәуелділік орталығын құрды. Сауалнамаға барлығы: **978** оқушы қатысты..Нәтижесінде,
20–49 ұпай – 900 оқушы тұрақты интернет пайдалануы, ал 50–79 ұпай – Интернетті шамадан тыс пайдаланумен байланысты кейбір мәселелер бар екені анықталды. Аталған оқушылармен жеке және топтық психологиялық жұмыстар жүргізілді.Оқушыларға интернетті тиімді пайдалану,уақытты басқару, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және тәуелділіктің алдын-алу бағытында кеңестер,тренингтер және түзету –дамыту жаттығулары ұйымдастырылды. Ата-аналармен профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жоспарға сәйкес, қараша айында **5-11** сыныптар арасында **«Жасөспірімдердің әл-ауқатының шкаласы», авторы Кэрол Рифф** әдістемесі алынды. **Сауалнаманың мақсаты** – жасөспірімдердің психологиялық жай-күйін бағалау.

Сауалнамаға барлығы: **978** оқушы қатысты. Нәтижесінде, 27–36 ұпай «Әл-ауқаттың жоғары деңгейі».Жасөспірім өмірге қанағаттанғанын сезінеді, позитивті көзқарасқа ие және стресске төзімді жинаған – **966** оқушы. 14–26 ұпай – «Орташа әл-ауқат деңгейі». Көңіл-күйдің өзгеруі және кейде қиындықтар болуы мүмкін, бірақ жалпы жасөспірім өмірлік жағдайларды жеңеді-12 оқушыны құрады. Аталған оқушылармен,сауалнама қорытындысы бойынша білім алушылардың басым бөлігінде психологиялық әл-ауқат деңгейі орта және жоғары деңгейде екендігі анықталды. Сонымен қатар жекелеген оқушыларда эмоционалдық тұрақтылықтың төмендігі, өзіне деген сенімділіктің жеткіліксіздігі, қарым-қатынас жасауда қиындықтар және өмірлік мақсаттарын нақтылауда кедергілер байқалды.

Анықталған оқушылармен жүргізілген жұмыстар:

Анықталған оқушылармен жеке және топтық психологиялық қолдау жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушыларға эмоционалдық жағдайын реттеу, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларды дамыту және психологиялық әл-ауқатын арттыру мақсатында кеңес беру, түзету-дамыту жаттығулары және тренинг сабақтары жүргізілді. Сонымен қатар қажеттілігіне қарай сынып жетекшілерімен және ата-аналармен түсіндіру, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:

Жүргізілген психологиялық жұмыстар нәтижесінде оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін тұрақтандыруға, өзіне деген сенімділігін арттыруға және әлеуметтік бейімделу дағдыларын дамытуға ықпал жасалды. Алдағы уақытта психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүйелі түрде жалғасады.

1	Мен бұрынғыдай позитивті нәрсеге ұмтыламын	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
2	Мен жақсы ұйықтаймын	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
3	Мен жылағым келеді	Көбінесе	Кейде	Ешқашан

4	Мен бір жерге барғанды ұнатамын	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
5	Үйден кетіп қалғым келеді	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
6	Менің ішім ауырады/құрысулар/бас ауруым бар	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
7	Менде энергия көп	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
8	Мен өз тамағымды жақсы көремін	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
9	Мен өзім үшін тұра аламын	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
10	Менің ойымша, өмірдің мәні жоқ	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
11	Мен өз ісімде жақсымын	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
12	Бұрынғыдай істеп жүрген ісімнен ләззат аламын.	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
13	Мен достарыммен және отбасыммен сөйлескенді жақсы көремін	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
14	Менің түсім қорқынышты	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
15	Мен өзімді өте жалғыз сезінемін	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
16	Менің көңілімді көтеру оңай	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
17	Мен мұңайғаным сонша, шыдай алмаймын	Көбінесе	Кейде	Ешқашан
18	Маған өте қызықсыз	Көбінесе	Кейде	Ешқашан

Жоспарға сәйкес, қараша айында **5-11** сыныптар арасында **«ҮМІТСІЗДІК ШКАЛАСЫ, АВТОРЫ ААРОН ТЕМКИН БЕК»** әдістемесі алынды.

Ааron Темкин Бек – американдық психотерапевт, Пенсильвания университетінің психиатрия профессоры, депрессияны емдеудің әйгілі маманы.

Сауалнамаға барлығы: **978** оқушы қатысты. Нәтижесінде,0-3 балл «үмітсіздік анықталған жоқ» оқушылар саны **- 953** оқушыны құрады. 4-8 балл — «жеңіл үмітсіздік» – **25** оқушы анықталды.

Сауалнама барысында білім алушылардың болашаққа деген сенімі, эмоционалдық жағдайы, өмірге деген көзқарасы және психологиялық көңіл-күй ерекшеліктері зерттелді.

Нәтижесі:Зерттеу қорытындысы бойынша білім алушылардың басым бөлігінде үмітсіздік деңгейінің төмен және орта деңгейде екендігі анықталды. Бұл олардың болашаққа оң көзқараспен қарап, өз мүмкіндіктеріне сенімді екенін көрсетті. Сонымен қатар жекелеген оқушыларда эмоционалдық мазасыздық, өз күшіне сенімсіздік, жағымсыз ойлардың басымдығы және болашаққа қатысты алаңдаушылық белгілері байқалды.

Анықталған оқушылармен жүргізілген жұмыстар:

Анықталған оқушылармен жеке психологиялық кеңес беру, психологиялық қолдау және түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру, жағымды ойлау дағдыларын дамыту, өзін-өзі бағалауды арттыру және күйзеліс жағдайларының алдын алу мақсатында тренингтер, жаттығулар және профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды.

Қажеттілігіне қарай сынып жетекшілері және ата-аналармен кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:

Жүргізілген жұмыстар білім алушылардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, психологиялық әл-ауқатын жақсартуға және болашаққа деген

сенімділігін арттыруға бағытталды. Алдағы уақытта психологиялық сүйемелдеу және профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылады.

Қараша айында, **«Нәзіктік пен сұлулық-бойжеткен болмысы»** тақырыбында мектебіміздің 8-11 сынып қыздарына АИТВ/ЖИТс алдын-алу және сақтану жолдары тақырыбында тәрбиелік-психологиялық жиналыс өткізілді.Іс-шараны 1-емхана психологы Жарылқасынова М.С,мектептің тәрбие ісі жөніндегі орындасары Менлибаева Н.Б және мектеп педагог-психологтары Айтбай Н және Топжарғанова А жүргізді. **Іс-шара мақсаты:**бойжеткендердің өзін-өзі тануына,құқықтарын білуіне,нәзіктік пен ішкі сұлулықты бағалай білуіне бағыт беру. Қыздар ашық пікірлесіп,пайдалы ақпараттармен бөлісті.Жиналыс сенімді,жылы атмосферада өтті.






Жоспарға сәйкес, И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде қыз балалар арасында **«Цифрлық әлемде – қауіпсіз қадам»** тақырыбында, ерте жүктіліктің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында маңызды жиналыс өтті.
Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларға цифрлық қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану мәдениетін қалыптастыру, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша ақпарат беру, сондай-ақ қыздардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына және жеке қауіпсіздігін сақтай білуіне бағыт беру болды.


Іс-шара барысында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Менлибаева Айгерим, ҚПБ ҚҚб ЮПб полиция лейтенанттары Жақсылықов Ерсұлтан және Рустамова Диляра түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, пайдалы кеңестерімен бөлісті. Сонымен қатар, мектеп психологы Айтбай Назерке қыздармен «Жылы сөз шеңбері» тренингін өткізіп, бір-біріне қолдау көрсету, сенімділік қалыптастыру және жағымды қарым-қатынас орнату бағытында жұмыс жүргізді.

Жиналыс барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 120-бабы — зорлау, 121-бабы — жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мұндай құқықбұзушылықтар үшін заңда қатаң жаза қарастырылғаны айтылды.

Сондай-ақ оқушыларға қауіптің алдын алу, бейтаныс адамдардан сақ болу, өз құқықтарын білу және қиын жағдайларда үлкендерге немесе тиісті органдарға жүгіну қажеттігі түсіндірілді.

Осындай тағылымы мол кездесулер оқушылардың саналы, қауіпсіз және жауапты тұлға болып қалыптасуына өз үлесін қосады.









Қараша айында бастауыш (3) сыныптың оқушыларымен **«Қауіпсіздік ережелері,Сыпайы бас тарту »** тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренингке сынып оқушылары жақсы көңіл-күймен қатысып, өздерінің ойлары мен бөлісті. Тренинг барысы төмендегідей

«Қауіпсіздің ережелерін білу»

«Қауіпсіздік ережелері» видеоролик

«Сыпайылық пен Дөрекілік» жаттығу

«Жағдайларды баянда » сезіну тренингі тренингі

Тренинг соңында оқушылар жақсы көңіл-күймен тарқасып, өздерінің ойларын жеткізді. Оқушылар бір бірімен жақсы қарым-қатынас жасай білді.

Алдағы уақытты да жұмыстар жүргізіле бермек.





Желтоқсан айында атқарылған жұмыстар

9 сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында **«Күйзелістен қалай арылуға болады?»** тақырыбында баяндама жұмысы жүргізілді.

Мақсаты:

- Оқушылардың топтық сенімін бекіту, ішкі қысымнан, қорқыныштан арылту, ашық болуға бағыттау;

Қатысқан оқушылар: 9 сынып оқушылары

Баяндама барысы:

- «Мен өзімді мақтаймын»
- «Сәлемдеме тілек хат»
- «Суреттен нені байқадыңыз?» тесті
- «Шынымды айтсам...»
- «Өз жұлдызыңызды табыңыз»
- «Ата анаға қамқорлық» бейнебаян

Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Баяндама барысында өзінара пікірталаста орын алды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар да болды, психолог тарапынан да қойылған сұрақтарға оқушылар толығымен жауап ала отырды. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.



Жоспарға сай 10 сынып оқушыларына **«Ашу-ызамен не істеу керек?»** тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді.

Мақсаты:

- Тәлім алушыларды агрессивті сезімдерін қаупсіз күйде айтуға үйрету;
- Рефлексивті механизмді белсендіру.

Қатысқан оқушылар: 10 сынып оқушылары

Сабақ барысы:

- «Көрме» жаттығуы
- «Бәтеңкедегі тас» ойыны
- «Мазақтау» ойыны
- «Сілкін!» сергіту ойыны

- Сабақтың рефлексиясы
- Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу»
- Сабақтың қорытындысы

Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Сабақ барысында өзінара пікірталаста орын алды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар да болды, психолог тарапынан да қойылған сұрақтарға оқушылар толығымен жауап ала отырды. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.

Жоспарға сәйкес, желтоқсан айында мектебіміздің **9** сынып оқушыларына **Е.А.Климов «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы»** әдістемесі жүргізілді. Сауалнамаға барлығы,150 оқушы қатысты.

Мақсаты:

9-сынып оқушыларының кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау, мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру, оқушылардың болашақ мамандықты саналы таңдауына психологиялық қолдау көрсету.

Сауалнама барысында оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктері анықталды. Нәтижесінде оқушылардың әртүрлі мамандық бағыттарына қызығушылығы байқалды. Жүргізілген жұмыс өз мақсатына жетті, оқушылар сауалнамаға белсенді қатысып, жақсы нәтиже көрсетті. Сонымен қатар оқушыларға мамандық таңдаудың маңыздылығы түсіндіріліп, олардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес болашақ мамандықты таңдауға байланысты психологиялық бағыт-бағдар берілді. Алдағы уақытта кәсіби өзін-өзі анықтауға қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылады.

Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, 2 тоқсанда 1–11-сынып оқушыларына психологиялық сағаттар мен тренингтер өткізілді. Жұмыстар оқушылардың бейімделуі, психоэмоционалдық жағдайын анықтау және ұжымдық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды. Нәтижесінде оқушылардың мектеп ортасына бейімделуі қалыпты деңгейде өтті.

Сыныбы: 1-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Қуаныш пен мейірімділік»

Мақсаты:Балаларды қуаныш пен мейірімділіктің маңызын түсіндіруге үйрету, бір-біріне жылы сөз айтып, кішкентай істер арқылы қуаныш сыйлауға дағдыландыру.

Міндеттері:

•Балаларды мейірімділік пен достыққа үйрету;

•Жылы сөз айту мен көмектесудің маңызын түсіндіру;

•Қуаныш сезімін білдіру және оны бөлісу дағдыларын қалыптастыру;

•Бір-бірімен сыйластықты және достықты нығайту.

Бұл психологиялық ағарту сабағы балаларға қуаныш пен мейірімділіктің өмірдегі рөлін түсіндіруге бағытталған. Сабақ барысында балалар бір-біріне жақсы сөз айту, кішкентай игі істер жасау арқылы қуаныш сыйлауды үйренеді. Жаттығулар мен ойындар арқылы балалар өз сезімдерін білдіруге және мейірімді болуға дағдыланады.

Қорытынды:Сабақ соңында балалар өз сезімдерін білдіруді үйреніп, бір-біріне мейірімділік танытудың маңызды екенін түсінеді. Олар бір-бірімен достық қарым-қатынасты сақтауға және сыныпта жағымды атмосфера құруға талпынады.



Сыныбы: 2-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Достық – өмірдің сәні»
Мақсаты:Оқушыларға достықтың өмірдегі маңызын түсіндіру, достыққа ынталандыру және бір-біріне көмектесу дағдыларын дамыту.
Міндеттері:
•Достық ұғымын түсіндіру және оның маңызын көрсету;
•Сыныпта достық қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету;
•Бір-біріне жылы сөз айту және қолдау көрсету дағдыларын дамыту;
•Қиын жағдайда досқа көмектесу және сыйластықты сақтау.
Бұл психологиялық ағарту сабағы балаларға достықтың өмірді қызықты әрі бақытты ететінін түсіндіруге бағытталған. Сабақ барысында оқушылар достық қасиеттерін талқылайды, бір-біріне көмектесуді және сыйластықты үйренеді. Топтық ойындар мен жаттығулар арқылы сыныпта достық атмосфера қалыптасады.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар достықты бағалауды, бір-біріне көмектесуді және сыйластықты сақтаудың маңызды екенін ұғынады. Балалар сыныпта достық қарым-қатынас орнатуға талпынады және бір-бірімен жақсы байланыс орнатуды үйренеді.





Сыныбы: 3-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Менің армандарым»

Мақсаты:Оқушыларға өз армандарын түсіндіру, оларды жүзеге асыру жолдарын көрсету және жеке мақсаттарға талпынуға үйрету.

Міндеттері:

- Өз армандары мен мақсаттарын сипаттап үйрету;
- Армандарға жету жолдарын ойлап, жоспар құруға үйрету;
- Армандарға жету үшін талпыныс жасауға ынталандыру;
- Өз мүмкіндіктерін бағалау және сенімділік сезімін дамыту.

Бұл психологиялық ағарту сабағы балаларға өз армандары мен мақсаттарын түсінуге көмектеседі. Сабақ барысында оқушылар армандарын сипаттайды, оларды жүзеге асыру жолдарын ойлайды. Талдау, пікір алмасу және практикалық жаттығулар арқылы балалар өз армандарына жету дағдыларын үйренеді.

Қорытынды:Сабақ соңында балалар армандарына жету үшін жоспар құрудың және талпынудың маңызды екенін түсінеді. Олар өз мүмкіндіктерін бағалап, армандарына жетуге талпынады.




Сыныбы: 4-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Бірге үйренеміз – бірге жетеміз»


Мақсаты:Оқушыларға ұжымда бір-бірін қолдаудың маңызын көрсету, бірлесе әрекет ету арқылы мақсатқа жетуге үйрету.

Міндеттері:

- Ұжымда бірге әрекет ету дағдыларын дамыту;
- Бір-бірін тыңдау және қолдау көрсетуге үйрету;
- Бірлескен тапсырмалар арқылы жауапкершілікті сезіндіру;

Бұл психологиялық ағарту сабағы балаларға ұжымдық жұмыс арқылы мақсатқа жетудің тиімділігін түсіндіруге бағытталған. Сабақ барысында оқушылар топтық тапсырмаларды орындайды, бір-бірін қолдайды және ұжымда әрекет ету дағдыларын дамытады.

Қорытынды:Сабақ соңында балалар бірге жұмыс істегенде жетістікке жету оңайырақ екенін түсінеді. Олар сыныпта бірлікті сақтап, ұжымда жағымды атмосфера құруға талпынады.



Сыныбы: 5-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Сыныптағы татулық»
Мақсаты:Сыныптағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне құрмет пен түсіністік көрсету арқылы ұжымдық татулыққа тәрбиелеу.
Міндеттері:

- Сыныптағы достық және сыйластықтың маңызын түсіндіру;
- Бір-бірінің пікірін тыңдауға үйрету;
- Келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу дағдыларын дамыту;


Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушыларға сыныптағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған. Сабақ барысында балалар бір-бірін тыңдайды, сыйластықты сақтауды үйренеді және келіспеушіліктерді шешудің бейбіт жолдарын талқылайды. Тренингтер мен рөлдік ойындар арқылы ұжымдық татулық қалыптасады.
Қорытынды:Сабақ соңында балалар келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешудің, бір-біріне құрмет көрсетудің маңызды екенін түсінеді. Олар сыныпта достық қарым-қатынасты сақтап, ұжымда жағымды атмосфера құруға талпынады.




Сыныбы: 6-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Эмоцияларымды түсінемін»
Мақсаты:Оқушыларға өз эмоцияларын тану және басқару дағдыларын қалыптастыру, жағымды психологиялық ахуал орнату.
Міндеттері:

- Эмоция түрлерін ажырата білуге үйрету;
- Өз сезімдерін дұрыс білдіру дағдыларын дамыту;
- Жағымсыз эмоцияларды жеңу жолдарын үйрету;

Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың эмоциялық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Сабақ барысында балалар өз эмоцияларын тануды, оларды дұрыс білдіруді және жағымды көңіл-күйді сақтауды үйренеді. Тренингтер, ойындар және талқылаулар арқылы оқушылар өз сезімдерін басқаруды дағдыландырады.
Қорытынды:Сабақ соңында балалар өз эмоцияларын тануды және оларды бақылауды үйренеді. Олар жағымды көңіл-күйді сақтауды және стресстік жағдайларда сабырлы болуды түсінеді.

Сыныбы: 7-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Өзін-өзі басқару – табысқа жол»

Мақсаты:Оқушыларға өз әрекеттерін бақылау және басқару арқылы табысқа жету дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Уақытты тиімді пайдалану дағдыларын дамыту;
- Эмоцияларын бақылауға үйрету;
- Мақсатқа жету жолында саналы әрекет жасауға үйрету;

Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушыларға өз әрекеттерін бақылау, басқару және мақсатқа жету жолында саналы әрекет жасау дағдыларын үйретуге бағытталған. Сабақ барысында балалар уақытты дұрыс пайдалану, эмоцияларды басқару және өз мүмкіндіктерін тиімді бағалау жолдарын меңгереді.

Қорытынды:Сабақ соңында балалар өз әрекеттерін бақылау арқылы мақсатқа жету мүмкін екенін түсінеді. Олар өз мүмкіндіктерін бағалап, дұрыс шешім қабылдауға және табысқа жетуге талпынады.




Сыныбы: 8-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Кемелдікке жол: бір-бірімізді құрметтеу»

Мақсаты:Сыныпта сыйластықты, құрмет көрсету дағдыларын қалыптастыру және ұжымдық жағымды қарым-қатынасты дамыту.

Міндеттері:

- Бір-біріне құрмет көрсетудің маңызын түсіндіру;
- Сыныпта жағымды атмосфера қалыптастыруға үйрету;
- Бір-бірінің пікірін тыңдауды және қолдауды үйрету;

Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушыларға бір-біріне құрмет көрсетудің сыныптағы атмосфераға әсерін түсіндіруге бағытталған. Сабақ барысында балалар рөлдік ойындар мен пікірталастар арқылы сыйластықты, қолдауды және ұжымдық жауапкершілікті меңгереді.

Қорытынды:Сабақ соңында балалар бір-біріне құрмет көрсетудің маңызды екенін түсінеді. Олар сыныпта сыйластық пен қолдауды сақтауға, ұжымда жағымды атмосфера орнатуға талпынады.




Сыныбы: 9-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Қиындықты жеңу – менің қолымда»
Мақсаты:Оқушыларға қиындықтармен күресуді үйрету, сенімділік пен табандылық арқылы қиындықтарды жеңу дағдыларын қалыптастыру.
Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушыларға қиындықтарды жеңу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақ барысында балалар қиын жағдайларды талдайды, шешім қабылдауды үйренеді және сенімділік пен табандылық сезімін дамытады.
Қорытынды:Сабақ соңында балалар қиындықтарды жеңу өз қолдарында екенін түсінеді. Олар сенімділікпен әрекет етуді, дұрыс шешім қабылдауды және қиын сәттерде сабырлы болуды үйренеді.




Сыныбы: 10-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Болашаққа сенім: мақсатқа жету»
Мақсаты:Оқушыларға өмірлік мақсат қоюды және оларға жету жолдарын түсіндіру, болашаққа сенімді түрде жоспар жасау дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері:

- Өмірлік мақсат пен құндылықтар туралы түсінік беру;
- Мақсатқа жету жолдарын жоспарлауға үйрету;
- Қиындықтарға қарамастан табандылық танытуға тәрбиелеу;
- Өз мүмкіндіктерін бағалау және жауапкершілік сезімін дамыту.

Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушыларға мақсат қою мен оған жету жолдарын түсінуге бағытталған. Сабақ барысында балалар өз жоспарларын құрып, қиындықтарға қарамастан мақсатқа жету жолдарын талқылайды. Талдау, пікір алмасу және практикалық жаттығулар арқылы оқушылар өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды үйренеді.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар өз мақсаттарына жету үшін сенімді жоспар құрудың маңызды екенін түсінеді. Олар болашаққа саналы түрде бағытталып, жауапкершілікпен әрекет етуге талпынады.



Сыныбы: 11-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Өзін-өзі жетілдіру: жеке даму жоспары»
Мақсаты:Оқушыларға өз мүмкіндіктерін тану және жеке даму жоспарын жасау дағдыларын қалыптастыру, болашаққа саналы түрде жоспар құруға үйрету.
Міндеттері:

- Өзін-өзі тану арқылы жеке қасиеттерін анықтау;
- Мақсатқа жету үшін жеке даму жоспарын құруға үйрету;
- Өзін-өзі дамыту және өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- Жауапкершілік пен сенімділік сезімін дамыту.

Бұл психологиялық ағарту сабағы оқушылардың жеке дамуын жоспарлау және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақ барысында балалар өз мүмкіндіктерін бағалайды, жеке қасиеттерін анықтайды және өмірлік мақсаттарына жету үшін даму жоспарын жасайды. Пікір алмасу, талдау және практикалық жаттығулар арқылы жеке даму жолдары қарастырылады.
Қорытынды:Сабақ соңында оқушылар жеке даму жоспарын жасап, өз мүмкіндіктерін тиімді пайдаланудың маңызын түсінеді. Олар өз өміріне жауапкершілікпен қарап, мақсаттарына жетуге талпынады.




ҚУАНСА,БАЛА ҚУАНСЫН!

Жаңа жыл- балалар асыға күтетін сиқырлы мереке. Осы мерекенің шырайын балалардың шат күлкісі, адамдардың бір-біріне кіршіксіз айтқан тілектері.

Осындай керемет көріністің бір парасы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде өткізілді. Думанды кешке мектеп-лицейдің көп балалы отбасы балалары,ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар да қатысты.Кеш балалардың ертегілер еліне саяхат жасаумен басталды.Көңілді сайқымазақтар мен әртүрлі жануарларды сомдаған оқушылар жиылған көрермендердің көңілдерін бір серпілтіп тастады.Мектеп-лицей директоры Б.Жумабаев балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

Сонымен қатар кешке қатысқан оқушыларға демеушілер тарапынан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар табысталды. Балалардың жүзіне қуаныш,езуіне күлкі үйірген шараның соңы әсем ән мен әдемі естелік суретке түсумен аяқталды.

Ағымдағы жылдың 27 жұлдызында үйден оқытылатын оқушыларды ***«Қош келдің-Жаңа жыл»*** тақырыбы аясында жаңа жыл мерекесімен мектеп-лицей директоры

Б.Жумабаев, мектеп психологтары А.Топжарғанова, Н,Айтбай,мектеп дефектологы А.Ерназаров, педагог-ассисент Л.Тажибаева құттықтап қайтты.

Іс-шара аясында үйден оқытылатын 10 оқушы қамтылды. Барлық оқушыларды үйіне барып, жеке –жеке құттықталынды. Барлық оқушылар мәз болып, көтеріңкі көңіл-күйде болды.



Қаңтар айында атқарылған жұмыстар

4 сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында «Таным процестерін түзету-дамыту» тақырыбында тренинг жұмысы жүргізілді. Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін ойын жаттығулары арқылы түзете отырып,дамыту.Оқуға,білімге құштарлықтарын ояту. 4 сынып оқушыларымен танымдық процестерді дамыту мақсатында өзекті тақырыпта тренинг өтті.Тренинг педагог-психологтардың оқушылармен сәлемдесуімен басталды.Бір-бірімен қимыл-қозғалыс жаттығуы арқылы сәлемдесті.Тренинг жүргізушісі оқушылармен амандасып болып,тренинг ережесімен ,жоспарымен таныстырды.Оқушылар тренингке басталысымен белсене қатысып,жарыса,бірлесе берілген тапсырмаларды орындады.Көбіне сурет арқылы ойды дамытуға арналған тапсырмалар,белсенді қимылдарға негізделген ойындарды ойнап,орындады.Оқушылар белсенді,көңілді отырды.Оқушылар тренинг соңында алған әсерлерімен бөлісіп,алғыс-тілектерін айтып бір-бірімен тарасты.



“ЗАҢ МЕН ТӘРТІП - ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ”

Құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздікті сақтау мақсатында **8–11** сынып оқушыларына арналған профилактикалық дәріс өткізілді.

Іс-шара барысында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, нашақорлықтың зияны, интернет қауіпсіздігі, суицид, зорлық-зомбылық және ерте жүктіліктің алдын алу мәселелері кеңінен қамтылды. Жиналысқа Қала прокуратурасының бөлім прокуроры Абдулғазиз Сәкен Адайбекұлы, ҚПБ ҚҚБ ЮПБ полиция лейтенанты Жақсылықов Ерсұлтан Ерболұлы қатысып, оқушыларға профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сала қызметкері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 188, 190, 191, 192, 293 баптарына, сондай-ақ 434/2-1, 437, 440-2, 442, 442-1, 448, 449 баптарының мазмұнына кеңінен тоқталып, заң талаптарын түсіндірді.

Сонымен қатар, мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Алиев, А.Менлибаева Қызылорда қаласы төңірегіндегі жасөспірімдер арасындағы криминогендік ахуал туралы айтып, оқушыларды тәртіпке, заңға бағынуға және қауіпсіз өмір салтын ұстануға шақырды. Мектеп педагог-психологы Айтбай Назерке **«Заң мен тәртіп – қауіпсіз балалықтың кепілі»** тақырыбында тренинг жүргізді. **Мақсаты:** Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң мен тәртіптің маңызын түсіндіру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Іс-шара барысында оқушыларға құқықтық сауаттылық, қауіпсіз мінез-құлық және заң талаптарын сақтау туралы ақпарат берілді. Оқушылар белсенді қатысып, өз пікірлерін білдірді, жағдаяттық тапсырмалар арқылы мәселелерді талдады. Нәтижесінде оқушылардың заң мен тәртіптің маңыздылығы туралы түсініктері кеңейіп, қауіпсіз өмір салтын ұстануға бағыт-бағдар берілді.»

Аталған іс-шара оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталды.





Мектебімізде қаңдар айында қыз балаларға әдептілік пен мәдениеттілік, өзін-өзі ұстау, жеке гигиена, қауіпсіздік ережелері, қыз балаға тән инабаттылық пен жауапкершілік туралы түсінік беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында қыздар жиналысы өтті.
Жиналыс барысында қыз балалардың күнделікті өмірде өзін дұрыс ұстауы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, өз болашағына жауапкершілікпен қарау мәселелері талқыланды. Қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, сұрақтарына жауап алды.
Мұндай кездесулер қыз балалардың тәрбиесін нығайтып, саналы да салиқалы тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.




10-11 сынып оқушылары арасында «Қиын бала – ортақ мәселе» тақырыбында іс-шара өтті. **Мақсаты:** Оқушылар арасында «қиын мінез-құлық» ұғымын түсіндіру, жасөспірімдердің өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, жауапкершілік сезімін арттыру және қиын жағдайлардан шығудың тиімді жолдарын бірлесе талқылау арқылы ортақ шешімге келуге үйрету.
Іс-шара барысында оқушыларға тақырыпқа сәйкес психологиялық жаттығулар ұсынылып, жасөспірімдердің мінез-құлқындағы қиындықтардың себептері мен салдары талқыланды. Тренинг барысында оқушылар топтық жұмысқа тартылып, өз ойларын ашық айтуға, бір-бірін тыңдауға және түсінуге бағытталған тапсырмалар орындады.
Талқылау кезінде оқушылар қиын мінез-құлықтың тек бір адамның емес, отбасы, мектеп және қоғамның ортақ мәселесі екендігін түсінді. Қиын жағдайға тап болған оқушыға қолдау көрсету, түсіністік таныту, жанжалдың алдын алу және өзара сыйластықты сақтау жолдары қарастырылды. Сонымен қатар өмірлік жағдаяттарға байланысты мысалдар келтіріліп, олардан шығудың тиімді тәсілдері бірлесіп талқыланды.

Талқылау нәтижесінде оқушылар:

- ✓ «қиын бала» ұғымының мәнін дұрыс түсінді;
- ✓ өзара қолдау мен түсіністіктің маңызын ұғынды;
- ✓ мәселелерді күш қолданбай, диалог арқылы шешу жолдарын білді;
- ✓ өз мінез-құлқына жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсінді.

Іс-шара белсенді әрі еркін форматта өтті. Оқушылар тақырыпқа қызығушылық танытып, пікір алмасуға белсенді қатысты.

Нәтижесі:

- Іс-шара барысында оқушылар:
- тренинг тапсырмалары арқылы өз ойларын еркін жеткізуге үйренді;
- топпен жұмыс жасау, тыңдай білу және ортақ шешімге келу дағдыларын дамытты;
- қиын жағдайдағы оқушыға қолдау көрсетудің маңызын түсінді;
- жауапкершілік, сыйластық және өзара түсіністік құндылықтарын бойына сіңірді.



Ақпан айында атқарылған жұмыстар

Жоспарға сәйкес, ақпан айында **5-6** сынып оқушыларымен **«Мазасыздықтың экспресс –әдістемесі»** жүргізілді. Мектептегі мазасыздық мінез-құлықта әртүрлі, кейде күтпеген жолдармен көрінуі мүмкін, басқа проблемалар ретінде жасырылады. Бұл сұрақ әсіресе бесінші сынып оқушылары үшін бастауыш мектептен орта мектепке ауысу кезеңінде, баланың бүкіл мектеп өмірі өзгерген кезде (сынып жетекшісі, сынып бөлмесі өзгереді, әр пән бойынша әр түрлі мұғалімдер пайда болады, тіпті жаңа пәндер пайда болады), бұл оқушының эмоционалды, психикалық және физикалық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.
Осы кезеңді жеңуге көмектесу үшін сынып жетекшісі, мектеп психологі оқушылардың мазасыздық деңгейін бақылап, содан кейін мәселені түзету үшін олардың әрекеттерін үйлестіріледі.
Сауалнамаға барлығы,**320** оқушы қатысты.
Қорытынды:Жоспарға сәйкес оқушылар арасында Хмельницкаяның мазасыздықты анықтауға арналған экспресс-сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың эмоционалдық жағдайы мен мазасыздық деңгейі анықталды. Нәтижелер бойынша оқушылардың басым бөлігінде мазасыздық деңгейі қалыпты шекте екені байқалды. Жалпы психологиялық ахуал тұрақты, оқушылар сауалнамаға белсенді қатысып, жақсы нәтиже көрсетті. Жүргізілген жұмыс өз мақсатына жетіп, оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылауға және психологиялық қолдау көрсетуге бағытталды. Қажетті жағдайда оқушыларға жеке психологиялық кеңес пен бағыт-бағдар беру жұмыстары жалғастырылады.

№	Мәлімдемелер	ИЯ	ЖОҚ
1	Соңғы кездері тез шаршаймын.		
2	Соңғы кездері мен кейбір құрбыларыма қарағанда жақсы жұмыс істеп жатырмын деп ойлаймын.		
3	Соңғы кездері өзімді еркін сезінемін		
4	Соңғы кездері менің басым айналу/әлсіреу/жүрек айнуды сезіндім		
5	Соңғы кездері мұғалімдер маған риза емес (толығырақ пікірлер)		
6	Соңғы кездері өз-өзіме сенімсіздік танытып жүрмін.		
7	Соңғы кездері өзімді қауіпсіз сезінемін		
8	Соңғы кездері қиындықтардан қашамын		
9	Соңғы кездері мен оңай ренжіп, тіпті жылай аламын.		
10	Соңғы кездері менде жанжал көп болды.		
11	Соңғы кездері үй тапсырмасы қызық болып жатыр.		
12	Соңғы кездері мұғалімдердің түсіндірмелерін нашар түсінетін болдым.		
13	Соңғы кездері көп қиындық көріп жүрмін.		
14	Соңғы кездері ұйқым қанбай жүр.		
15	Соңғы кездері былтырғы мұғалімдер 5-сыныпта сабақ бергенін қалаймын		

Және де жоспарға сәйкес, **11** сынып оқушыларына **«Өмірге төзімділі»** тесті алынды. Өмірге төзімділік – бұл өзі туралы, әлем туралы, әлеммен қарым-қатынас туралы сенім жүйесі. Бұл үш салыстырмалы автономды компонентті қамтитын диспозиция: қатысу, бақылау, тәуекелді қабылдау. Бұл компоненттердің және өмірге төзімділіктің көрінісі тұтастай алғанда стресстермен тұрақты күресу және оларды онша маңызды емес деп қабылдау арқылы стресстік жағдайларда ішкі шиеленістің пайда болуына жол бермейді.

Тест шкаласы:

1. **Қатысу.**
2. **Бақылау.**
3. **Тәуекелді қабылдау.**

Сауалнамаға барлығы: 90 оқушы қатысты.

8-9 сынып оқушылары аралығында «Адам өмірі – басты құндылық» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларға адам өмірінің құндылығын түсіндіру, қиындықтарды жеңу жолдарын көрсету, өмірге деген жағымды көзқарас қалыптастыру және суицидтің алдын-алу мақсатында көмек сұрау мәдениетін дамыту.

Өту барысы:

Тренинг жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Шаттық шеңбері» жаттығуымен басталды. Оқушылар бір-біріне жылы лебіз білдіріп, **«Мен өмірді жақсы көремін, өйткені…»** жаттығуы арқылы өмірдің жағымды жақтарын атап өтті.

Негізгі бөлімде «Өмір ағашы» топтық жұмысы жүргізілді. Оқушылар өздерінің қолдау көздерін, күшті қасиеттерін, армандарын және бақыт сыйлайтын нәрселерін анықтап, плакатқа орналастырды. Жаттығу барысында оқушылар қиын кезеңдерде қолдаудың маңыздылығын түсінді.

Мини-дәріс барысында өмірдің басты құндылық екендігі, қиындықтардың уақытша болатыны және көмек сұраудың әлсіздік емес, батылдық екені түсіндірілді. Оқушыларға сенім телефондары және ересектерге жүгіну жолдары туралы ақпарат берілді (111 – балаларға арналған сенім телефоны).

«Қиындық – уақытша» жаттығуында оқушылар түрлі өмірлік жағдайларды талдап, мәселелердің уақытша екендігіне көз жеткізді.

«Өз жүрегіңді түстермен боя» шығармашылық жаттығуы арқылы оқушылар өз эмоцияларын түрлі түстер арқылы бейнеледі. Бұл жұмыс олардың ішкі күйін түсінуге және ашық жеткізуіне мүмкіндік берді.


«Менің болашағым» жаттығуында қатысушылар 5 жылдан кейінгі өз өмірін елестетіп, мақсаттары мен армандарын жазды. Бұл тапсырма оқушылардың үмітін арттырып, болашаққа сенімін күшейтті.

Тренинг соңында «Қолдау хаты» жаттығуы орындалды. Әр оқушы өзіне мотивациялық хат жазып, оны қиын жағдайда оқуға сақтап қойды.

Қорытынды:

Тренинг барысында оқушылар белсенділік танытты, ашық пікір білдірді. Қатысушылар өмірдің құндылығы туралы ой бөлісіп, қиындықтарды уақытша құбылыс ретінде қабылдау керектігін түсінді. Оқушылар көмек сұрау мәдениетінің маңызын ұғынды.



Наурыз айында атқарылған жұмыстар

Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, 3 тоқсанда 1–11-сынып оқушыларына психологиялық сағаттар мен тренингтер өткізілді. Жұмыстар оқушылардың бейімделуі, психоэмоционалдық жағдайын анықтау және ұжымдық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды. Нәтижесінде оқушылардың мектеп ортасына бейімделуі қалыпты деңгейде өтті.

Сыныбы: 1-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Мен және менің көңіл-күйім »
Мақсаты:Оқушыларды эмоцияларын тануға және дұрыс жеткізуге үйрету.
Міндеттері:

- Көңіл-күй түрлерімен таныстыру
- Эмоцияларды ажырату дағдыларын дамыту
- Өз сезімдерін білдіруге үйрету

Мектеп психологы тарапынан 1-сынып оқушыларымен **«Мен және менің көңіл-күйім»** тақырыбында психологиялық сынып сағаты өткізілді.
Сынып сағатының мақсаты – оқушылардың эмоционалдық дамуын қолдау, өз көңіл-күйін тануға және оны дұрыс жеткізе білуге үйрету.

Сабақ барысында оқушылар көңіл-күй түрлерімен танысып, оларды ажырату және сипаттау дағдыларын меңгерді. Әртүрлі ойын және жаттығулар арқылы балалар өз сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік алды.Нәтижесінде оқушылардың эмоционалдық сауаттылығы артып, бір-бірінің көңіл-күйіне түсіністікпен қарау дағдылары қалыптаса бастады.



Қорытынды: Сабақ барысында оқушылар эмоцияларын тану және білдіру бойынша бастапқы дағдыларды меңгерді. Балалардың сабаққа белсенді қатысуы олардың қызығушылығы жоғары екенін көрсетті.
Ұсыныстар

- Сабақтарда эмоцияны білдіруге арналған ойындарды жиі қолдану
- Балаларды қолдау және мадақтау арқылы сенімділігін арттыру
- Ата-аналармен бірлесіп эмоционалдық тәрбиеге көңіл бөлу

Сыныбы: 2-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Достық деген не?»
Мақсаты:Достық қарым-қатынасты дамыту.
Міндеттері:

- Достық туралы түсінік қалыптастыру
- Қарым-қатынас мәдениетін дамыту
- Өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу

2-сынып оқушыларымен **«Достық деген не?»** тақырыбында психологиялық сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты – оқушылардың достық қарым-қатынасын қалыптастыру, өзара сыйластық пен түсіністікті дамыту.

Сабақ барысында оқушылар достық туралы пікір алмасып, түрлі жағдаяттарды талдау арқылы дұрыс қарым-қатынас жасауды үйренді. Топтық жұмыстар арқылы бірлесіп әрекет ету дағдылары дамыды.
Нәтижесінде оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнап, достық туралы түсініктері кеңейді.



Қорытынды
Оқушылар достықтың маңызын түсініп, бір-біріне құрметпен қарау қажеттігін ұғынды.
Ұсыныстар

- Сыныпта топтық жұмыстарды көбейту
- Қақтығыстарды бейбіт шешуге үйрету
- Позитивті қарым-қатынасты қолдау

Сыныбы: 3-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Менің мінезім»
Мақсаты:Өзін-өзі тануға бағыт беру.
Міндеттері:

- Мінез туралы түсінік қалыптастыру
- Жағымды қасиеттерді дамыту
- Өзін бағалауға үйрету

3-сынып оқушыларымен **«Менің мінезім»** тақырыбында психологиялық сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты – оқушылардың өзін-өзі тануын дамыту, жеке қасиеттерін анықтауға бағыт беру.

Сабақ барысында оқушылар өз мінез ерекшеліктерін талдап, жағымды және жағымсыз қасиеттерді ажыратты. Жаттығулар арқылы өзін бағалау дағдылары қалыптасты.



Қорытынды:Оқушылар өз мінездерін саралап, өзін-өзі дамытуға бағыт алды.

Ұсыныстар

- Өзін-өзі бағалау жаттығуларын жалғастыру
- Оқушыларды қолдау арқылы сенімділікті арттыру

Сыныбы: 4-сынып оқушылары

Тақырыбы: «Менің мақсатым»

Мақсаты:Мақсат қоя білуге үйрету.

Міндеттері:

- Мақсат ұғымын түсіндіру
- Жоспарлау дағдыларын дамыту
- Мотивация қалыптастыру

Мақсаты – оқушыларды мақсат қоя білуге және оған жету жолдарын түсіндіру.

Сабақ барысында оқушылар өз армандары мен мақсаттары туралы ой бөлісіп, оларды жүзеге асыру жолдарын талқылады. Практикалық тапсырмалар арқылы жоспар құру дағдылары дамытылды.

Нәтижесінде оқушылардың болашаққа деген көзқарасы қалыптасып, мақсатқа ұмтылу қабілеті артты.





Қорытынды: Оқушылар мақсат қою және оған жету жолдарын түсінді.

Ұсыныстар

- Оқушылардың мақсаттарын үнемі бақылап, қолдау
- Жетістіктерін мадақтау

Сыныбы: 5-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Мен және менің сыныбым»
Мақсаты: Оқушылардың сыныпқа бейімделуін жеңілдету.
Міндеттері:

- Танысу және жақындасу
- Сенімді қарым-қатынас орнату
- Топтық жұмыс дағдыларын дамыту

Мақсаты – оқушылардың жаңа ортаға бейімделуіне ықпал ету, сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Сабақ барысында оқушылар бір-бірімен танысып, топтық жұмыстар арқылы өзара сенім мен қолдау көрсету дағдыларын дамытты. Әртүрлі ойындар мен жаттығулар арқылы сынып ішіндегі қарым-қатынас нығайтылды.
Нәтижесінде оқушылардың сыныпқа бейімделуі жақсарып, бір-біріне деген сенімі артты.





Қорытынды: Сыныпта жағымды атмосфера қалыптасты, оқушылар белсенділік танытты.

Сыныбы: 6-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Қарым-қатынас мәдениеті»
Мақсаты: Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.
Міндеттері:

- Сыпайы сөйлеуді үйрету
- Тыңдай білу дағдыларын дамыту

Мақсаты – оқушыларды дұрыс қарым-қатынас жасауға, өз ойын мәдениетті жеткізуге үйрету.

Сабақ барысында оқушылар қарым-қатынас ережелерімен танысып, жағдаяттарды талдау арқылы дұрыс сөйлесу дағдыларын меңгерді.
Нәтижесінде оқушылардың өзара сыйластық деңгейі артты.




Қорытынды: Оқушылар қарым-қатынастың маңызын түсінді.

Сыныбы: 7-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Қақтығыстарды шешу жолдары»
Мақсаты: Қақтығыстарды дұрыс шешуге үйрету.
Міндеттері:

- Қақтығыс себептерін анықтау
- Шешу жолдарын үйрету
- Агрессияны бақылау

7-сынып оқушыларымен **«Қақтығыстарды шешу жолдары»** тақырыбында психологиялық сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты – оқушыларды қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге үйрету.
Сабақ барысында оқушылар қақтығыс себептерін талдап, оларды шешудің тиімді тәсілдерін қарастырды.
Нәтижесінде оқушылардың мәселені сабырмен шешу дағдылары қалыптасты.





Қорытынды
Оқушылар бейбіт қарым-қатынас дағдыларын меңгерді.

Сыныбы: 8-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Менің эмоциям және оны басқару»
Мақсаты: Эмоцияларды басқаруға үйрету.
Міндеттері:

- Эмоцияларды тану
- Басқару әдістерін үйрету

8-сынып оқушыларымен **«Менің эмоциям және оны басқару»** тақырыбында психологиялық сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты – эмоцияларды басқару дағдыларын дамыту.
Сабақ барысында оқушылар өз эмоцияларын талдап, оларды басқару тәсілдерімен танысты.
Нәтижесінде оқушылар өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгере бастады.




Қорытынды: Оқушылар эмоцияларын басқарудың маңызын түсінді.

Сыныбы: 9-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Өзін-өзі бағалау және сенімділік»
Мақсаты: Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру.
Міндеттері:

- Өзін тану
- Сенімділікті арттыру
- Мотивация қалыптастыру

9-сынып оқушыларымен **«Өзін-өзі бағалау және сенімділік»** тақырыбында психологиялық сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты – оқушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру, сенімділігін дамыту.
Сабақ барысында оқушылар өз қабілеттерін анықтап, өзін бағалау жаттығуларын орындады.





Қорытынды
Оқушылар өзін бағалау дағдыларын дамытты.

Сыныбы: 10-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Мамандық таңдау»
Мақсаты: Кәсіби бағдар беру.
Міндеттері:

- Қызығушылықтарды анықтау
- Мамандықтармен таныстыру

10-сынып оқушыларымен **«Мамандық таңдау»** тақырыбында психологиялық сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты – оқушыларға болашақ мамандығын таңдауға бағыт беру.
Сабақ барысында оқушылар өз қызығушылықтарын анықтап, түрлі мамандықтармен танысты.




Қорытынды:Оқушылар мамандық таңдаудың маңызын түсінді.

Сыныбы: 11-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Стресс және емтиханға дайындық»
Мақсаты: Стресті төмендету.
Міндеттері:

- Стресс себептерін анықтау
- Жеңу жолдарын үйрету
- Сенімділікті арттыру

Мақсаты – емтихан алдындағы күйзелісті төмендету, психологиялық қолдау көрсету.

Сабақ барысында оқушылар стресс себептерін анықтап, оны жеңу тәсілдерін меңгерді. Релаксациялық жаттығулар жүргізілді.
Нәтижесінде оқушылардың алаңдаушылық деңгейі төмендеп, өзіне деген сенімі артты.



Қорытынды: Оқушылар стресс басқару дағдыларын меңгерді.

Сәуір айында атқарылған жұмыстар

Сәуір айында 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңін қолдау мақсатында **«Менің сыныбым – менің отбасым»** тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылып өткізілді.
Мақсаты:
5-сынып оқушыларының жаңа оқу сатысына бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету, сыныпішілік жағымды ахуал қалыптастыру және ұжымдық бірлікті нығайту.
Міндеттері:

1. Оқушылардың бір-бірімен жақынырақ танысуына жағдай жасау.
2. Сыныптағы өзара сенім мен құрмет атмосферасын қалыптастыру.
3. Қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
4. Эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыруға ықпал ету.
5. Ұжымдық жауапкершілік пен қолдау сезімін қалыптастыру.

Тренинг барысы:
Тренинг барысында танысу жаттығулары, топтық сергіту ойындары, «Біз – бір командамыз», «Сынып құндылықтары» атты бірлескен жұмыс элементтері

ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларын ашық білдіріп, ортақ ережелер құрастырды. Жаттығулар барысында ынтымақтастық, бір-біріне қолдау көрсету дағдылары дамытылды.

Қорытынды:

Тренинг нәтижесінде оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарып, сыныпішілік белсенділік артты. Оқушылар арасында сенімділік пен ашықтық байқалды. Жалпы психологиялық ахуалдың тұрақтануына оң әсер етті.

Ұсыныстар:

1. 5-сыныптарда бейімделу кезеңінде жүйелі түрде тренингтік жұмыстар жүргізу.
2. Сынып жетекшісімен бірлескен тимбилдинг шараларын ұйымдастыру.
3. Ата-аналар жиналысында бейімделу кезеңінің ерекшеліктері туралы ақпарат беру.
4. Оқушылардың эмоционалдық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу




Сәуір айында **8–9** сынып оқушылары арасында буллингтің алдын -алу, конструктивті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында **«Қақтығыстарды шешу жолдары»** тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты:

Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын -алу, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу дағдыларын қалыптастыру және өзара сыйластықты нығайту.


Міндеттері:

1. Буллинг ұғымы мен оның салдары туралы түсінік қалыптастыру.
2. Қақтығыс жағдайларын талдау және тиімді шешу жолдарын үйрету.
3. Эмпатия, толеранттылық және жауапкершілік сезімін дамыту.
4. Агрессивті мінез-құлықтың алдын алу.
5. Қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру.

Тренинг барысы:

Тренинг барысында «Қақтығыс дегеніміз не?», «Менің әрекетім – менің жауапкершілігім» тақырыптарында пікірталас, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар ұйымдастырылды. Оқушылар қақтығысты бейбіт жолмен шешу тәсілдерін талдап, тиімді коммуникация дағдыларын меңгерді. Буллингтің психологиялық зардаптары түсіндірілді.


Қорытынды:
Тренинг нәтижесінде оқушылар қақтығыс жағдайларында сабырлы әрекет ету, мәселені келісім арқылы шешу жолдарын түсіне бастады. Өзара түсіністік пен сыйластық қағидаттары талқыланып, сыныптағы психологиялық ахуалдың нығаюына ықпал етті.




Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, 4 тоқсанда 1–11-сынып оқушыларына психологиялық сағаттар мен тренингтер өткізілді. Жұмыстар оқушылардың бейімделуі, психоэмоционалдық жағдайын анықтау және ұжымдық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды. Нәтижесінде оқушылардың мектеп ортасына бейімделуі қалыпты деңгейде өтті.

Сыныбы: 1-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Менің қуаныш әлемім»
Мақсаты: Оқушыларды жағымды эмоцияларды тануға және қуанышты сәттерді бағалауға үйрету.
Міндеттері:
• Қуаныш сезімі туралы түсінік қалыптастыру
• Жақсы көңіл-күйді сақтауға үйрету
• Өз сезімдерін еркін жеткізуге баулу

Сабақ барысында оқушылармен алдымен көңіл-күй шеңбері ұйымдастырылып, балалар өз көңіл-күйлерін түрлі смайликтер арқылы көрсетті. «Қуанышты күн» ойыны арқылы өздерін қуантатын жағдайларды айтты. Сонымен қатар сурет салу жаттығуы арқылы балалар қуаныш сезімін бейнеледі. Сабақ соңында бір-біріне жылы тілектер айтып, көтеріңкі көңіл-күймен аяқтады.



Қорытынды: Оқушылар қуаныш сезімін тану және бөлісу дағдыларын меңгерді.

Сыныбы: 2-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Жақсы сөз – жан азығы»
Мақсаты: Оқушыларға жылы сөздің адамға әсерін түсіндіру.
Міндеттері:
• Сыпайы қарым-қатынас қалыптастыру
• Жылы сөз айтуға үйрету
• Мейірімділікке тәрбиелеу

Сабақ барысында оқушылармен «Жылы сөздер шеңбері» жаттығуы өткізілді. Әр бала қасындағы досына жақсы тілек айтып, жағымды сөздердің әсерін сезінді. «Кім мейірімді?» ойыны арқылы жақсы қасиеттерді атады. Топтық тапсырмаларда балалар бір-біріне көмектесіп, ұйымшылдық танытты.
Нәтижесінде оқушылардың өзара сыйластығы артып, жылы қарым-қатынас қалыптасты.




Қорытынды: Оқушылар жақсы сөздің адам көңіліне әсерін түсінді.

Сыныбы: 3-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Менің арман қанаттарым»
Мақсаты: Оқушылардың арман-мақсаттарын айқындауға көмектесу.
Міндеттері:
• Арман туралы түсінік беру
• Болашаққа сенім қалыптастыру

Сабақ барысында оқушылармен «Менің арманым» тренингі жүргізілді. Балалар болашақтағы армандарын қағаз бетіне түсіріп, сынып алдында таныстырды. «Арманға қадам» ойынында мақсатқа жету жолдарын атады. Шығармашылық тапсырмалар арқылы өз мүмкіндіктеріне сенім білдірді.



Қорытынды: Балалар армандаудың маңызын түсінді.



Сыныбы: 4-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Мейірімді жүрек»
Мақсаты: Оқушыларды қамқорлық пен мейірімділікке тәрбиелеу.
Міндеттері:
• Мейірімділік ұғымын түсіндіру
• Қайырымды әрекеттерге баулу
• Бір-біріне көмектесуге үйрету
Сабақ барысында «Жақсылық жаса» ойыны ұйымдастырылып, балалар күнделікті өмірде жасайтын мейірімді істерді атады. Топтық жұмыс кезінде бір-біріне көмек көрсетудің маңызын талқылады. «Жүректен жүрекке» жаттығуында жылы сөздер айтты.




Қорытынды: Оқушылар мейірімді болудың маңызын түсінді.
Ұсыныстар:
• Қайырымдылық акцияларын өткізу
• Көмек көрсету дағдыларын дамыту



Сыныбы: 5-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Өзімді тану – өзекті іс»
Мақсаты: Оқушылардың өзіндік бағасын қалыптастыру.
Міндеттері:
• Өзін тануға үйрету
• Қабілеттерін анықтау
• Сенімділікті дамыту

Сабақ барысында оқушылармен өзін-өзі тануға арналған сауалнама жүргізілді. «Менің жақсы қасиеттерім» жаттығуында әр оқушы өз бойындағы жақсы қырларын атады. Топтық талқылауда қабілеттері мен қызығушылықтары жайлы ой бөлісті.
Нәтижесінде оқушылардың өзіндік бағалауы артып, сенімділігі күшейді.


Қорытынды: Оқушылар өзін бағалау дағдысын меңгерді.

Сыныбы: 6-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Сенім күш береді»
Мақсаты: Сенімділікті арттыру және ішкі күшті дамыту.
Міндеттері:
• Өзіне сенуді қалыптастыру
• Қорқынышты жеңуге үйрету
• Батылдыққа тәрбиелеу
Сабақ барысында «Сенім көпірі» тренингі өткізілді. Оқушылар жұппен жұмыс жасап, бір-біріне сенім білдіру тапсырмаларын орындады. «Менің қолымнан келеді» жаттығуында өз мүмкіндіктерін атады. Белсенді ойындар арқылы батылдыққа тәрбиеленді.

Қорытынды: Оқушылар сенімнің жетістікке жетелейтінін түсінді.

Сыныбы: 7-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Мінезім – менің айнам»
Мақсаты: Мінез ерекшеліктерін тануға көмектесу.
Міндеттері:
• Мінез түрлерімен таныстыру
• Өзін бақылауға үйрету
Сабақ барысында оқушылармен мінез ерекшеліктерін анықтауға арналған психологиялық тест жүргізілді. «Мен қандаймын?» жаттығуында өз қасиеттерін сипаттады. Талқылау барысында жағымды және жағымсыз мінез түрлері айтылды. Өз мінезін дамыту жолдары қарастырылды.

Қорытынды: Оқушылар мінезді түзетуге болатынын түсінді.

Сыныбы: 8-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Қиындықты жеңе білемін»
Мақсаты: Қиын жағдайда шешім қабылдауға үйрету.
Міндеттері:
• Төзімділік қалыптастыру
• Сабыр сақтауға үйрету
• Проблеманы шешу жолдарын көрсету
Сабақ барысында оқушыларға түрлі өмірлік жағдаяттар ұсынылып, қиындықтан шығу жолдарын табу тапсырылды. «Сабыр сақта» тыныс алу жаттығуы жүргізілді. Топтық жұмыста төзімділік пен сабырлылықтың маңызы айтылды.





Қорытынды: Қиындықты жеңуге болатынын түсінді.

Сыныбы: 9-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Болашаққа нық қадам»
Мақсаты: Болашаққа жоспар құруға бағыт беру.
Міндеттері:
• Мақсат қоюға үйрету
• Кәсіби бағдар беру
• Жауапкершілікті арттыру
Сабақ барысында оқушылармен болашақ мамандықтар туралы пікірталас өткізілді. «Мақсат баспалдағы» жаттығуында алға қойған мақсаттарына жету кезеңдерін жазды. Әр оқушы өз қызығушылығына сай жоспар құрды.
Нәтижесінде оқушылардың болашаққа деген көзқарасы айқындалып, жауапкершілігі артты.




Қорытынды: Оқушылар болашаққа сеніммен қарауды үйренді.


Сыныбы: 10-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Табыстың құпиясы»
Мақсаты: Жетістікке жету жолдарын түсіндіру.
Міндеттері:
• Табыс ұғымын түсіндіру
• Еңбекқорлыққа тәрбиелеу
• Уақытты тиімді пайдалануға үйрету
Сабақ барысында оқушылармен табысқа жеткен тұлғалар мысалы талқыланды. «Уақытты тиімді пайдалану» тапсырмасында күн тәртібін жоспарлады. «Жетістікке жету жолы» тренингінде өз мақсаттарын жазып, жоспар құрды.




Қорытынды: Оқушылар табыс еңбектен келетінін түсінді.

Сыныбы: 11-сынып оқушылары
Тақырыбы: «Арманға апарар жол»
Мақсаты: Бітіруші түлектерге психологиялық қолдау көрсету.
Міндеттері:
• Емтихан алдындағы сенімділікті арттыру
• Стресті азайту
• Болашаққа мотивация беру

Сабақ барысында оқушылармен алдымен көңіл-күйді анықтау жаттығуы жүргізілді. Әр оқушы өз жағдайын смайлик арқылы көрсетті. Кейін тыныс алу және релаксациялық жаттығулар жасалып, бойдағы қобалжу төмендетілді. «Менің болашағым» визуализация жаттығуында өздерін болашақ маман иесі ретінде елестетті. Сабақ соңында бір-біріне сәттілік тілеп, жылы лебіздерін білдірді.

Қорытынды: Оқушылар өз күшіне сенуді үйренді.

Мамыр айында айтылған жұмыстар

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

5-10 сынып ата-аналарымен жаз мезгілінде бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау үшін қауіпсіздік ережелері айтылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ, өйткені өмірде бәрі бар. Қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып келеді. Адамның ең негізгі мақсаты ол — өмірді сақтап қалу.Көп жағдайларда өз өмірін сақтап қалу және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білуіне байланысты болады. Қай жерде сіз болсаңыз, жалғыз, достарымен, отбасымен, жолда жұмысқа бара жатқанда, демалыста немесе үйде, әрқашанда есіңізде сақтаныз, өмірде көптеген жағдайлар болады. Олар әдеттегідей әр-түрлі жағдайларға әкеліп соқтырады. Бұндай жағдайға ұшыраған кездерде сабырлық сақтау керек. Осы Қауіпсіз жаз бөлімінен өмірге ең керекті қауіпсіздік ережелерімен таныса отырып, дер кезінде өз өмірімізді сақтап қалуға тырысайық.Сол себептен бұны білу және оны дұрыс қолдану әркімнің міндеті екені айтылды. Жаз – балалар үшін сауық-сайран мен жайбарақаттық кезең. Ал ата-аналар өте мұқият болуы керек, себебі демалыс орындарында түрлі қауіптер болуы мүмкін. Сондықтан әр ата-ана жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныс болған жөн. Оны балаларыңызға айтып қойған артық етпейді.

Жазғы демалыстағы жалпы қауіпсіздік ережелері

Қауіп тек демалыс орындарында емес, балалар алаңында, жолда немесе қоғамдық орындарда да болады. Сондықтан кей ұсыныстарды ескерген дұрыс:

- Балаға күн тиіп қалмас үшін жаздың ыстық күндері міндетті түрде бас киім кигізу керек;
- Баланың тамақ ішер алдында қол жууды әдетке айналдыруын қадағалаңыз;
- Жаз мезгілінде тамақтан уланып қалу қаупі артатындықтан, жемістер мен көкөністердің балғын болуын қадағалап, жақсылап жуыңыз;
- Баланы бағдаршамнан өтуге үйретіп, автомобиль тигізуі мүмкін қауіп туралы түсіндіріп айтыңыз;
- Балаға ойнау алаңында өзін қалай ұстау керектігін айтыңыз. Соның ішінде, әткеншекке жанынан келу керектігін түсіндіріңіз;
- Баланы жазғы кездегі өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру керек. Ересек адамсыз от жақпауын өтініп, оның жылдам тарайтындығын айтыңыз.

Жазда судағы қауіпсіздік ережесі

Отбасылардың барлығы ыстық күндері балаларымен бірге суға шомылуға барады. Ересектер де, балалар да рақаттана суға түсіп, күнге күйіп, таза ауамен демалады. Суға шомылуға барарда мына ережелерді ескерген жөн:

- Балаға сіздің қарауыңызсыз тіпті, үрлемелі дөңгелектер мен матраста болса да суға түсуіне рұқсат бермеңіз;
- Кішкентай баланы суға тек жүзгіш жилетпен немесе жеңдікпен жіберіңіз;

- Балаларға суда тығылатын немесе бір-бірін батыратын ойын ойнауына рұқсат бермеңіз. Оның орнына қуыспақты да, тығылыспақты да жағажайда ойнауларын өтініңіз;

- Күн қатты ысып кетсе, баланың терісі күйіп кетпес үшін арнайы күннен қорғайтын құрал жағып қойыңыз.

- Салқын тиіп қалмас үшін баланың суда болған уақытын бақылаңыз;

Жазда табиғаттағы қауіпсіздік ережесі

Егер отбасыңызбен табиғатқа (орман, саябақ) шықсаңыз, мына ережелерді есте сақтаңыз:

- Мұндай жерлерде әдетте, кене көп болып келеді. Сондықтан балаға жабық шалбар мен жабық аяқ киім кигізген жөн. Шалбар балағын шұлыққа салып қойыңыз;

- Балаға ормандағы таныс емес саңырауқұлақтар мен жидектерді жеуге болмайтындығын түсіндіріңіз. Олар улы болуы мүмкін;

- Сона, ара секілді жәндіктердің шағуын болдырмас үшін олар бар кезде қозғалмай тұру керектігін айтыңыз;

- Мүмкіндік болса, баланы қараусыз қалдырмаған жөн

Ерекше білім беруді қажет ететін және үйден оқытылатын оқушылармен «Біз бақытты баламыз!» атты мерекелік іс-шара болып өтті.

Мектептің жылдық жоспарына сәйкес ЕББҚ және үйде оқытылатын оқушылардың қатысуымен «Біз бақытты баламыз» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың көңіл-күйін көтеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік ортаға бейімделуіне қолдау көрсету, мейірімділік пен достық қарым-қатынасты нығайту болды.

Іс-шара барысында оқушылар түрлі қызықты ойындарға қатысып, ән айтып, би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын тренингтік жаттығулар мен сергіту сәттері ұйымдастырылды. Мерекелік кеш барысында балалар бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасап, белсенділік танытты.

Шараға қатысқан оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйі көтеріліп, өздерін еркін әрі сенімді ұстауға мүмкіндік алды. Іс-шара балалардың шығармашылық белсенділігін арттырып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етті.

Қорытындысында «Біз бақытты баламыз» атты мерекелік іс-шара өз мақсатына жетіп, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен жағымды әсер сыйлады. Алдағы уақытта да ерекше білім беруді қажет ететін және үйде оқытылатын оқушылармен осындай қолдау, ынталандыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.




БІЗ-БАҚЫТТЫ